

Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы N 136 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 21.06.2013 № 105-V Заңымен (Заңның 73-бабының 10-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда).

Қ о л д а н у ш ы л а р н а з а р ы н а !

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандырудың құқықтық және әлеуметтік негіздерін белгілейді, мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, жеке және заңды тұлғалардың азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылуға конституциялық құқығын іске асыруға қатысуын реттейді.

Ескерту. "Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдары" деген сөздермен, "салық заңдарына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының салық заңдарына" деген сөздермен, "заңдарға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен, "заңдарда" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен, "зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарына" деген сөздермен, "лицензиялау туралы заңдармен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарымен" деген сөздермен, "заңдарды" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарын" деген сөздермен, "монополияға қарсы заңдар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңдары" деген сөздермен "Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарды" деген сөздер "Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарын" деген сөздермен, "зейнетақы заңдары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдары" деген сөздермен, "заңдармен" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарымен" деген сөздермен ауыстырылды; "заң актісінде", "заң актілерімен" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен толықтырылды; "басқару жөніндегі компания" деген сөздер "басқаруды жүзеге асыратын ұйым" деген сөздермен, "

басқару жөніндегі компанияның" деген сөздер "басқаруды жүзеге асыратын ұйымның" деген сөздермен, "басқару жөніндегі компаниялар" деген сөздер "басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен, "басқару жөніндегі компанияларды" деген сөздер "басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарды" деген сөздермен, "басқару компанияларымен" деген сөздер "басқаруды жүзеге асыратын ұйымдармен" деген сөздермен, "басқару жөніндегі компанияларға" деген сөздер "басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға" деген сөздермен, "басқару жөніндегі компаниямен" деген сөздер "басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен" деген сөздермен, "басқару жөніндегі аффилиирлендірілмеген компаниялармен" деген сөздер "басқаруды жүзеге асыратын аффилиирленбеген ұйымдармен" деген сөздермен, "басқару жөніндегі аффилиирлендірілген компанияларға" деген сөздер "басқаруды жүзеге асыратын аффилиирленген ұйымдарға" деген сөздермен ауыстырылды; "жинақтаушы зейнетақы активтерін басқару жөніндегі" деген сөздер "зейнетақы активтерін инвестициялық басқару" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2005.04.13 N 40 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «ашық» деген сөз алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

1-БӨЛІМ. Зейнетақымен қамсыздандыру негіздері

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автоматтандырылған ақпараттық жүйе - жинақтаушы зейнетақы қорының жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы активтерін және жинақтарын есепке алуды жүзеге асыруға қажетті және ақпараттың сенімділігін, сақталуын және оны рұқсатсыз кіруден қорғауды қамтамасыз ететін бағдарламалық қамтамасыз е т і л у і ;

2) күші жойылды - ҚР 2012.07.10 № 34-V (2013.01.01 бастап қолданысқа е н г і з і л е д і) З а ң ы м е н ;

3) әртараптандыру - зейнетақы активтерін жоғалтып алу қатерін азайту мақсатында, уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес оларды әртүрлі қаржы құ р а л д а р ы н а о р н а л а с т ы р у ;

4) бақылау – заңды тұлғаның шешімдерін айқындау мүмкіндігі, ол мынадай т а л а п т а р д ы ң б і р і б о л ғ а н :
заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған

акциялары шегеріле отырып) елу пайызынан астамын бір тұлғаның дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп тікелей немесе жанама иеленуі не заңды тұлғаның акцияларының елу пайызынан астамымен дербес дауыс беру мүмкіндігі болған;

бір тұлғада заңды тұлғаның басқару органы немесе атқарушы органы құрамының кемінде жартысын дербес сайлау мүмкіндігі болған;

Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясының қаржылық есептілігін қоспағанда, заңды тұлғаның қаржылық есептілігі аудиторлық есепке сәйкес заңды тұлғаның қаржылық есептілігіне енгізілген;

бір тұлғаның дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп шарттың (растайтын құжаттардың) күшіне қарай немесе уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда өзгеше түрде заңды тұлғаның шешімдерін айқындау мүмкіндігі болған кезде туындайды;

5) баспасөз басылымы - тізбесін уәкілетті орган айқындайтын мерзімді баспасөз басылымдары;

б) бас ұйым - басқа заңды тұлғаға бақылау жасайтын заңды тұлға;

7) ең төменгі зейнетақы - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген зейнетақы төлемдерінің ең төменгі мөлшері;

8) ерікті зейнетақы жарналары – Қазақстан Республикасының заңнамасында және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалатын тәртіппен, салымшылардың өз бастамасы бойынша зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақшасы;

9) ерікті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі - ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалған жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін төлемнің мөлшері;

10) ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы - ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес, өзінің меншікті қаражаты есебінен зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

11) ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары - Қазақстан Республикасының заңнамасында және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын кәсіптер тізбесі бойынша қызметкерлердің пайдасына салымшылардың өз бастамасы бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақшасы;

12) ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі - ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта

және осы Заңда айқындалған жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін төлемнің м ө л ш е р і ;

13) ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының салымшысы - ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес, өзінің меншікті қаражаты есебінен қызметкердің пайдасына ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын салуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды т ұ л ғ а ;

14) жеке зейнетақы шоты - салымшының (зейнетақы төлемдерін алушының) жинақтаушы зейнетақы қорындағы жеке атаулы шоты, онда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның міндетті не ерікті зейнетақы жарналары немесе ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары, инвестициялық табысы, өсімпұл және өзге де түсімдер есепке алынады және содан зейнетақы төлемдері ж ү р г і з і л е д і ;

15) жинақтаушы зейнетақы қоры - зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

16) жинақтаушы зейнетақы қорында бөлектеп есеп жүргізу - заңды тұлға ретінде жинақтаушы зейнетақы қорының бухгалтерлік балансына зейнетақы а к т и в т е р і н е н г і з б е у ;

17) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын жанама иелену (дауыс беру) – жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының немесе жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның бірлескен ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалардың шешімдерін заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) иелену арқылы айқындау мүмкіндігі;

18) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы – уәкілетті органның жазбаша келісіміне сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама и е л е н е а л а т ы н н е м е с е :

жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін

акцияларының он немесе одан көп пайызымен тікелей немесе жанама дауыс беру ;

жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым қабылдайтын шешімдерге шарттың күшіне қарай не уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын тәртіппен өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлға (мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг осындай иеленуші болып табылатын жағдайларды, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларды қ о с п а ғ а н д а) ;

19) заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін жанама иелену не акцияларын иелену (дауыс беру) - басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) иелену (дауыс беру) арқылы заңды тұлғаның, заңды тұлғаның ірі қатысушысының немесе бірлесіп заңды тұлғаның ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалардың шешімдерін а й қ ы н д а у м ү м к і н д і г і ;

20) зейнетақы – уәкілетті ұйымнан, жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы;

21) зейнетақы активтері - зейнетақы төлемдері мен аударымдарын, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларынан алынатын қаражатты қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға арналған ақша, бағалы қағаздар, өзге де қаржы құралдары;

22) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым - жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

23) зейнетақы аннуитеті шарты - сақтандыру шарты, оған сәйкес сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарының сомасын беруге міндеттенеді, ал сақтандыру ұйымы сақтанушының (зейнетақы төлемдерін алушының) пайдасына өмір бойына немесе белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді;

24) зейнетақы жинақтары - міндетті зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын, инвестициялық кірісті, өсімпұлды, шарттарға, осы Заңға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де түсімдерді қамтитын, салымшының (зейнетақы төлемдерін алушының) жеке зейнетақы шотында есептелетін ақшасы;

25) зейнетақы жинақтарының нақты құны - мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган есептеп шығаратын, тұтыну бағалары индексіне үйлестірілген зейнетақы жинақтарының номиналды құны;

26) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт - бір тараптан жинақтаушы зейнетақы қорымен және екінші тараптан салымшы және (немесе) зейнетақы төлемдерін алушы жасасатын, зейнетақы жарналарына, жинақтарына және

37) міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі - жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін төлем мөлшері, ол салымшының зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын табысына пайыздық қатынаспен көрсетіледі;

38) міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы - міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан және жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шоты бар жеке тұлға;

39) мінсіз іскерлік бедел - кәсіпқойлықты, адалдықты, алынбаған немесе өтелмеген соттылығы жоқ екенін растайтын фактілердің болуы;

40) орталық атқарушы орган - халықты әлеуметтік қорғау саласында реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

41) Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындайтын органдар - уәкілетті мемлекеттік органдар;

42) пруденциялық норматив - жинақтаушы зейнетақы қорының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін экономикалық талаптар;

43) сақтандыру ұйымы (сақтандырушы) - уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде «өмірді сақтандыру» саласында сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

44) сатып алу сомасы - зейнетақы аннуитеті шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде сақтанушының (алушының) сақтандыру ұйымынан алуға құқығы бар ақша сомасы;

45) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

46) уәкілетті ұйым (бұдан әрі – Орталық) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;

47) үлестес тұлғалар – шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындауға және (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімдеріне, оның ішінде жасалған мәміленің күшіне қарай ықпал етуге мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды және ұлттық басқарушы холдингті қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар. Ұлттық басқарушы холдингтің жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің құрамында болуы тұлғалардың бір-біріне қатысты үлестес екенін айқындау үшін негіз болып табылмайды.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 34-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылу құқығы

1. Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен зейнетақымен қамсыздандырылуға құқылы.

2. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамсыздандырылу құқығын пайдаланады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

3-бап. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен т ұ р а д ы .

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын төлеу және олардың түсуін бақылауды жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 4-бап алынып тасталды - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

5-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі мемлекеттік кепілдіктер

1. Мемлекет 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнеткерлікке шыққан азаматтарды зейнетақы төлемдерінің белгіленген мөлшерін сақтай отырып, 1999 жылғы 1 сәуірге дейін зейнетақымен қамсыздандыруға кепілдік береді, одан кейінгі кезеңдерде зейнетақы төлемдері осы Заңның 13-бабының 4-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

2. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі:

1) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетақы алып келген;
2) осы Заңның 9-бабына сәйкес зейнеткерлік жасқа жеткен Қазақстан Республикасының азаматтарына;

3) әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру

құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар адамдарға төленеді.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі Орталықтан және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемін, сондай-ақ мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуына қарамастан жүзеге асырылады.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейіне кезең-кезеңімен жақындатыла отырып, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын белгіленеді.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Осы Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарына сәйкес зейнеткерлік жасқа жеткен кезде асыраушысынан айырылу жағдайына және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар азаматтардың тілегі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемімен ауыстырылуы мүмкін.

3. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жыл сайын жүргізіледі.

4. Мемлекет еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы алуға құқығы бар және осы құқығын зейнетақы тағайындайтын және/немесе оны төлеуді жүзеге асыратын органдарда 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін тіркеген азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыруға кепілдік береді, бұл жағдайда оларға қызметтен кеткеннен кейін төлене бастайтын зейнетақы белгіленеді. Тағайындалған зейнетақыға осы баптың 1 және 3-тармақтарының және осы Заңның 13-бабының 4-тармағының ережелері қолданылады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 1999.11.16 N 482 (2000.01.01 бастап күшіне енеді), 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.04 N 148 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 N 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Жинақталған зейнетақы қаражатының сақталуына кепілдік

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

1-тармақ 2015.01.01 ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен жаңа редакцияда жазылады.

1. Мемлекет алушыларға жинақтаушы зейнетақы қорларындағы міндетті

зейнетақы жарналарының осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен анықталған, алушының зейнетақы төлемдерін алу құқығы кезіндегі инфляция деңгейін ескере отырып, іс жүзінде енгізілген міндетті зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.

2. Жинақталған зейнетақы қаражатының сақталу кепілдігі, сондай-ақ:

1) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау;

2) зейнеткерлік активтерді басқаруды жүзеге асыратын ұйымның зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметін лицензиялау;

2-1) екінші деңгейдегі банктердің кастодиандық қызметін лицензиялау;

3) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар мен жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін пруденциалдық нормативтер белгілеу;

3-1) олардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін тиісті нормалар мен лимиттер белгілеу жолымен жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін р е т т е у ;

4) жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың құрылтайшыларына, басшы қызметкерлері мен мамандарына, сондай-ақ олардың жарғылық капиталының мөлшері мен құрамына қойылатын талаптарды белгілеу;

5) жинақтаушы зейнетақы қорларының ақша мен бағалы қағаздарды жинақтаушы зейнетақы қорларымен және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдармен аффилиирленбеген кастодиан банкте ғана сақтау талабын белгілеу;

6) (а л ы п т а с т а л д ы)

7) жинақтаушы зейнетақы қорларының өз қаражаты мен зейнетақы активтерінің бөлек есебін жүргізу, сондай-ақ олардың мақсатты орналастырылуына бақылау орнату;

8) (а л ы п т а с т а л д ы)

9) диверсификация және зейнетақы активтерін орналастыру кезінде тәуекелді азайту жөніндегі талаптарды белгілеу;

10) жинақтаушы зейнетақы қорлары алатын комиссиялық сыйақы мөлшеріне ш е к т е у л е р е н г і з у ;

11) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың жылдық қаржы есептеріне жыл сайын аудит жүргізудің м і н д е т т і л і г і ;

12) жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың тиісті мемлекеттік органдар алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ұдайы қаржылық е с е п б е р і п о т ы р у ы ;

12-1) салымшы мен алушыға оның жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпарат беріп отыру;

13) алушыға өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне ауыстыру мүмкіндігін беру, бірақ ол жылына екі реттен аспауы керек;

14) жинақталған зейнетақы қаражатын алушының таңдауы бойынша толық көлемінде немесе ішінара ерікті сақтандыру;

15) зейнетақы активтерін сақтандыру жүйесін құру арқылы қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.05.05 N 139, 2010.03.19 № 258-IV Заңдарымен.

6-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі зейнетақымен қамсыздандыру саласында:

1) зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және оларды жүзеге асыруды ұйымдастырады;

2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен жүзеге асыру, сондай-ақ Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

3) міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және аудару тәртібі мен мерзімдерін бекітеді;

4) судья теріс себептер бойынша лауазымынан босатылған жағдайда, судьялар үшін қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын алып қою және бюджетке аудару қағидаларын бекітеді;

5) жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларын және кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін бекітеді;

6) салымшыда (алушыда) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы әртүрлі жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасалған екі және одан да көп шарт болған кезде бірнеше жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы жинақтарын олардың біреуіне аудару қағидаларын бекітеді;

7) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 1-тарау 6-1-баппен толықтырылды - ҚР 04.02.2013 № 75-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-2-бап. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның құзыреті

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган:

1) салымшылар өз қаражаты есебінен қызметкерлер пайдасына ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын олардың кәсіптерінің тізбесін әзірлейді;

2) Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерлерін жыл сайын арттыру тәртібін әзірлейді;

3) Орталықтан төленетін зейнетақыларды бір жарым есе мөлшерде тағайындауға еңбек өтілін жеңілдікпен есептеу үшін сот-медициналық сараптама мекемелеріндегі, емдеу мекемелерінің патологиялық-анатомиялық бөлімшелеріндегі жұмыстардың тізбесін әзірлейді;

4) толық маусым ішіндегі жұмыс зейнетақы тағайындау үшін бір жылғы жұмыс өтіліне есепке алынатын өнеркәсіптің маусымдық салаларының тізімін әзірлейді;

5) Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 1 тізімін әзірлейді;

6) міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) дерекқорын және міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастыру қағидаларын әзірлейді;

7) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарын аудару кезінде туындаған жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелері бойынша өзара есеп айырысу қағидаларын әзірлейді;

8) жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және аудару тәртібі мен мерзімдерін әзірлейді;

9) агенттер 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік жеке кодының және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорымен жасалған зейнетақы шартының болмауына байланысты, тұрған жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын аудару қағидаларын әзірлейді;

10) ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін қолданылатын ай сайынғы табысты айқындау қағидаларын әзірлейді;

11) жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан

зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларын және кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін әзірлейді;

12) салымшыда (алушыда) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы әртүрлі жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасалған екі және одан да көп шарт болған кезде бірнеше жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы жинақтарын олардың біреуіне аудару қағидаларын әзірлейді;

13) міндетті зейнетақы жарналары есебінен салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына электрондық терминалдар арқылы аудару қағидаларын әзірлейді;

14) салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданысын тоқтатқан шарттар туралы мәліметтерді жинақтаушы зейнетақы қорларының электрондық құжат айналымын пайдалана отырып, Орталыққа ұсыну қағидаларын әзірлейді;

15) жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақы алу қағидаларын әзірлейді;

16) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тарау 6-2-бапмен толықтырылды - ҚР 04.02.2013 № 75-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-3-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бөлігіндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

2) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тарау 6-3-бапмен толықтырылды - ҚР 04.02.2013 № 75-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-БӨЛІМ. Орталықтан зейнетақымен қамсыздандыру

2-тарау. Орталықтан зейнетақы төлемдерін алу құқығы

7-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін алу құқығы

Азаматтарға осы Заңда белгіленген жағдайлар туған ретте Орталықтан зейнетақы төлемдерін алу құқығына кепілдік берілген.

Зейнет жасына жеткен зейнеткерлерге оларға еңбек сіңірген жылдары үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған зейнетақыларын қайта тағайындату құқығы беріледі.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.01.04 N 278 Заңымен.

8-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар азаматтар санаттары

1. Орталықтан зейнетақы төлемдері азаматтардың мынадай санаттарына:

- 1) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетақы алатындарына;
- 2) осы Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарына сәйкес зейнеткерлік жасына жеткен және 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек стажы бар адамдарға - еңбек стажына бара-бар мөлшерде;
- 3) әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар адамдарға төленеді.

2. Орталықтан зейнетақы төлемдерін алушы, соның ішінде мемлекеттік базалық зейнетақы алушы қайтыс болған жағдайда оның отбасына не оны жерлеген адамға жерлеуге арналған біржолғы төлем Орталықтан он бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

3. Ұлы Отан соғысының қатысушысы немесе мүгедегі болған, Орталықтан зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған жағдайда оның отбасына не оны жерлеуді жүзеге асырған жеке немесе заңды тұлғаға Орталықтан отыз бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеуге арналған біржолғы төлем төленеді.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 N 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындау

1. Орталықтан зейнетақы төлемдері:

1998 жылғы 1 қаңтардан бастап - еркектерге 61 жасқа толғанда, әйелдерге 56 жасқа толғанда;

1998 жылғы 1 шілдеден бастап - еркектерге 61,5 жасқа толғанда, әйелдерге 56,5 жасқа толғанда;

1999 жылғы 1 шілдеден бастап - еркектерге 62 жасқа толғанда, әйелдерге 57

ж а с қ а т о л ғ а н д а ;

2000 жылғы 1 шілдеден бастап - еркектерге 62,5 жасқа толғанда, әйелдерге 57,5 ж а с қ а т о л ғ а н д а ;

2001 жылғы 1 шілдеден бастап - еркектерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге 58 ж а с қ а т о л ғ а н д а т а ғ а й ы н д а л а д ы .

2. Төтенше және барынша радиациялық қатерлі өңірлерде 1949 жылғы 29 тамыздан 1963 жылғы 5 шілдеге дейін кемінде 10 жыл тұрған азаматтар "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес:

еркектер - жалпы жұмыс стажы 25 жылдан кем болмаған жағдайда 50 жасқа ж е т к е н д е ;

әйелдер - жалпы стажы 20 жылдан кем болмаған жағдайда 45 жасқа жеткенде зейнетақы т а ғ а й ы н д а л у ы н а қ ұ қ ы л ы .

3. 5 және одан да көп бала туып, оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдер 50 жасқа толғанда жасына байланысты толық көлемде зейнетақы алуға құқылы, аталған зейнетақы жасы 1998 жылғы 1 шілдеден бастап жыл сайын 6 айға өсіп отырады, бірақ тұтас алғанда 3 жылдан аспауға тиіс.

4. Орталықтан жасына байланысты зейнетақы төлемдері толық көлемінде осы баптың 1-тармағында белгіленген жасқа толғанда азаматтардың мынадай с а н а т т а р ы н а :

1) еркектерге 1998 жылғы 1 қаңтарда кемінде 25 жыл еңбек стажы болғанда және осы Заңның 60-бабының 2-тармағында аталған адамдар арасынан еркектерге қызметінен босатылған кезінен бастап тағайындалады. Бұл ретте осы Заңның 60-бабының 2-тармағында аталған адамдар үшін еңбек стажына 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап қызметтен босатылған кезіне дейінгі қызметі осы кезеңде жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жасалмаған жағдайда е с е п т е л е д і ;

2) әйелдерге 1998 жылғы 1 қаңтарда кемінде 20 жыл еңбек стажы болғанда және осы Заңның 60-бабының 2-тармағында аталған адамдар арасынан әйелдерге қызметінен босатылған кезінен бастап тағайындалады. Бұл ретте осы Заңның 60-бабының 2) тармағында аталған адамдар үшін еңбек стажына 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап қызметтен босатылған кезіне дейінгі қызметі осы кезеңде жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жасалмаған жағдайда е с е п т е л е д і .

5. Толық емес көлемдегі жасына байланысты зейнетақы төлемдері осы баптың 1-тармағында аталған азаматтар санаттарына олардың 1997 жылғы 1 қаңтарда нақты еңбек стажының болуына қарай Орталықтан толық көлемінде зейнетақы төлемдерін алу құқығы болмаған жағдайда және осы Заңның 60-бабының 2-тармағында аталған адамдар үшін қызметтен босатылған кезінен

б а с т а п

т а ғ а й ы н д а л а д ы .

6. Жасына байланысты зейнетақының толық емес көлемдегі төлемдері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен, толық зейнетақыдан 1998 жылғы 1 қаңтарда болған еңбек стажына бара-бар үлес ретінде есептеледі. Бұл орайда, осы Заңның 60-бабының 2-тармағында аталған адамдар үшін еңбек стажына 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап қызметтен босатылған кезіне дейінгі қызметі осы кезеңде жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жасалмаған жағдайда есептеледі.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2003.01.08 N 378, 2007.12.19 N 9 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін төлеу кезеңі

Орталықтан зейнетақы төлемдері өмір бойына тағайындалады және қайтыс болған айына қоса төленеді.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.07.04 N 148 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

3-тарау. Орталықтан зейнетақы тағайындауға арналған еңбек стажы

11-бап. Орталықтан зейнетақы тағайындау үшін еңбек стажын есептеу

1. Орталықтан зейнетақы тағайындау үшін еңбек стажын есептеу кезінде мыналар есепке алынады:

1) еңбек шарты бойынша жеке және заңды тұлғалар ақы төлейтін жұмыс;

2) әскери қызмет;

3) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет;

4) мемлекеттік қызмет;

5) кәсіпкерлік қызмет;

6) бірінші топтағы мүгедекке, екінші топтағы жалғыздікті мүгедекке және өзгенің жәрдем көрсетуіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ 80 жасқа толған қарт адамдарға күтім жасаған уақыт;

7) атом сынақтары, экологиялық апаттар салдарынан зардап шеккен не иммундық тапшылық вирусын жұқтырған не ЖҚТБ-мен ауыратындарға, 16 жасқа дейінгі мүгедекке күтім жасаған уақыт;

8) жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғаннан аспайтын жалпы жиынтығы 12 жыл шегіндегі уақыт;

9) қылмыстық жауапқа негізсіз тартылған және қуғын-сүргінге ұшыраған, бірақ кейін ақталған азаматтардың қамауда болған, бас бостандығынан айыру

және жер аудару орындарында жазасын өтеген уақыты;

10) еңбекке жарамды азаматтардың бұрынғы КСРО-ның уақытша оккупацияланған аумағында және Ұлы Отан соғысы кезеңінде өздері басқа мемлекеттердің аумағына зорлықпен апарылған адамдардың /жасына қарамастан / сонда болған, фашистік концлагерьлерде (геттоларда және соғыс кезеңінде мәжбүрлеп ұстайтын басқа да орындарда ұсталған уақыты, егер аталған кезеңдерде бұл адамдар Отанға қарсы қылмыс жасамаса;

11) жұмыс істемейтін соғыс мүгедектері мен оларға теңестірілген мүгедектердің мүгедек болған уақыты;

12) бұрынғы кеңес мекемелерінің, Қазақстан Республикасы мекемелері мен халықаралық ұйымдардың қызметкерлері әйелдерінің (жұбайларының) шетелде тұрған кезеңі, бірақ жалпы алғанда 10 жылдан аспауға тиіс;

13) офицерлік құрамдағы адамдар, прапорщиктер, мичмандар, келісімшарт бойынша қызмет өткеретін әскери қызметшілер және мерзімінен тыс қызмет атқаратын әскери қызметшілер әйелдердің мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде жұбайларымен бірге тұрған кезеңі, бірақ 10 жылдан аспауға тиіс;

13-1) арнаулы мемлекеттік орган қызметкері зайыбының (жұбайының) мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде оның бірге тұрған кезеңі, бірақ 10 жылдан аспауға тиіс мерзімде;

14) Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, училищелерде, мектептерде және кадрлар даярлау, біліктілігін арттыру және қайта мамандандыру курстарында, аспирантурада, докторантурада және клиникалық ординатурада, сондай-ақ күндізгі жоғары және орта діни оқу орындарында оқу;

15) әскерилендірілген күзетте, арнаулы байланыс органдарында және кен-құтқару бөлімдерінде олардың ведомстволық бағыныстылығына және арнаулы немесе әскери атағының болуына қарамастан;

16) әлеуметтік сақтандыруға қаржы төлеген жағдайда өзге де жұмыс.

2. Орталықтан зейнетақы тағайындау үшін еңбек стажын жеңілдікпен есептеу кезінде мыналар да есепке алынады:

1) ұрыс қимылдары кезеңінде майдандағы армия құрамындағы, оның ішінде әскери борышын өтеу кезіндегі әскери қызмет, сондай-ақ ұрыс қимылдары кезеңінде партизан отрядтары мен құрамаларында болу, сондай-ақ әскери жарақат салдарынан емдеу мекемелерінде емдеуде болған уақыт - әскери қызметшілерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындаған кезде осы қызметтің мерзімін есеп үшін белгіленген тәртіппен;

2) әскери бөлімдеріндегі жұмыс, оның ішінде еркін жалдамалы құрам ретіндегі жұмыс және осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген әскери

қызметтен басқа, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қызмет - екі есе мөлшерде;

3) Ұлы Отан соғысы жылдарында 1941 жылғы 8 қыркүйектен бастап 1944 жылғы 27 қаңтарға дейінгі қоршау кезеңінде Ленинград қаласындағы жұмыс - үш есе мөлшерде;

4) 12 жастан бастап және одан үлкен жастағы азаматтардың 1941 жылғы 8 қыркүйектен бастап 1944 жылғы 27 қаңтарға дейінгі қоршау кезеңінде Ленинград қаласында болған уақыты - екі есе мөлшерде;

5) Ұлы Отан соғысы кезінде басқа мемлекеттердің аумағына зорлықпен апарылған адамдардың сонда болған уақыты, сондай-ақ фашистік концлагерьлерде (геттоларда және соғыс кезеңінде мәжбүрлеп ұстайтын басқа да орындарда) болған уақыты, егер аталған кезеңдерде бұл адамдар Отанға қарсы қылмыс жасамаса - екі есе мөлшерде;

6) заңсыз қылмыстық жауапқа тартылған және қуғын-сүргінге ұшыраған, кейіннен ақталған азаматтардың қамауда болған, бас бостандығынан айыру, жер аудару орындарында жазасын өтеу, бас бостандығын шектей отырып мәжбүрлеп еңбекке тартылған, арнаулы қоныстандыру орындарында ұсталған және психиатриялық мекемелерде мәжбүрлеп емдеуде болған уақыты - үш есе мөлшерде;

7) Семей сынақ полигонына жапсарлас жатқан аудандардағы 1949 жылғы 29 тамыздан бастап 1963 жылғы 5 шілдеге дейінгі кезеңде жұмыс істеп, әскери қызмет атқару - үш есе мөлшерде, ал 1963 жылғы 6 шілдеден бастап 1992 жылғы 1 қаңтарға дейінгісі - бір жарым есе мөлшерде;

8) алапеске және обаға қарсы мекемелерде, иммундық тапшылық вирусын жұқтырған немесе ЖҚТБ-мен ауырған адамдарды емдеу жөніндегі жұқпалы аурулар мекемелеріндегі жұмыс - екі есе мөлшерде; сот медициналық сараптама мекемелеріндегі және емдеу мекемелерінің патология-анатомиялық бөлімдеріндегі жұмыс - Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жұмыс тізбесі бойынша бір жарым есе мөлшерде;

9) толық навигациялық кезең ішінде су көлігіндегі жұмыс бір жыл істеген жұмыс үшін есептеледі;

10) ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, өнеркәсіптің маусымдық салалар кәсіпорындарындағы толық маусым ішіндегі жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізім бойынша бір жылғы жұмыс стажына есептеледі.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.05.15 N 253, 2007.05.22 N 255, 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Еңбек стажын растау

1. 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге Орталықтан зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек стажы еңбек кітапшасымен расталады.

2. Еңбек кітапшасы жоқ немесе онда тиісті жазбалар болмаған кезде еңбек стажы жұмыс туралы мәліметтерді растайтын құжаттардың негізінде не сот шешімінің негізінде анықталады.

3. Осы Заңның 11-бабының 1-тармағының 5) және 16) тармақшаларына сәйкес қызметті жүзеге асырған азаматтардың еңбек стажы Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін сақтандыру жарналарын төлегені туралы құжаттармен расталады.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

4-тарау. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеу

13-бап. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу

1. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін толық көлемінде есептеу осы Заңның 14-бабына сәйкес белгіленетін орташа айлық кірістің 60 проценті е с е б і н е н жү р г і з і л е д і .

2. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыста үзілістер болғанына қарамастан, қатарынан кез келген үш жыл ішіндегі орташа айлық табыс негізге алына отырып жүзеге а с ы р ы л а д ы .

«Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген кезеңде алған табысты қоспағанда, 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең ішіндегі орташа айлық табыстың мөлшері халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкес белгіленеді.

2-1. «Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген адамдарға 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең ішіндегі орташа айлық табыстың мөлшері жұмыс беруші беретін табыс туралы анықтамамен расталатын табысқа с ә й к е с б е л г і л е н е д і .

Зейнетақы төлемдерін есептеу зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш жасаған күні уәкілетті орган белгілеген, Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамы бойынша Ресей Федерациясының валютасымен төленген табыс мөлшері негізге алына отырып ж ү р г і з і л е д і .

3. 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін қажетті еңбек стажынан тыс жұмыс істеген әрбір толық жыл үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1 процентке өсіріледі,

бірақ ол зейнетақыны есептеу үшін ескерілетін табыстың 75 процентінен аспауға т и і с .

4. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің, әскери қызметшілердің, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының, прокуратура, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің және зейнетақы 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдардың және көрсеткіштердің N 1 тізімі бойынша және жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелері бойынша жеңілдікті шарттарда тағайындалған адамдардың зейнетақы төлемдері мөлшерін қоспағанда, 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған зейнетақы төлемдерінің ең жоғары мөлшері тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген отыз тоғыз еселенген айлық есептік көрсеткіштің жетпіс бес пайызынан аса алмайды.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді); 1999.11.16 N 482 (2000.01.01 бастап күшіне енеді); 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді); 2006.12.11 N 201 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2008.12.24 N 110-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.12.02 N 211-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.12.15 N 363-IV (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін табысты анықтау

1. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеуге арналған табысқа еңбекке ақы төлеудің барлық түрлері және тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін өзге де табыстар енгізіледі.

2. Зейнетақы төлемдерін есептеу үшін 3 жылғы жұмыс ішіндегі табыс қатарынан 36 күнтізбелік айдағы жұмыс ішіндегі табыстың жалпы сомасын отыз алтыға бөлу арқылы анықталады.

3. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеуге арналған табыс тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін отыз тоғыз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.12.19 N 9 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.24 N 110-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.02 N 211-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.12.15 N 363-IV (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-тарау. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындау

15-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш беру тәртібі

1. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы арыз зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қажетті стажы мен табысын растайтын құжаттармен қоса азаматтың тұрғылықты жері бойынша Орталыққа беріледі.

2. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауды зейнетақы төлемдерін тағайындаушы орган жүргізеді.

3. Зейнетақы төлемдерін тағайындаушы орган зейнетақы тағайындау мәселелері бойынша түсіндірме беруге және азаматтардың тиісті құжаттарды ресімдеуіне көмек көрсетуге міндетті.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді); 2006.07.04 N 148 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауға арналған құжаттарды қарау мерзімдері

1. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауға арналған құжаттарды қарауды зейнетақы төлемдерін тағайындаушы орган құжаттар табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

2. Зейнетақы төлемдерін тағайындаушы орган тиісті шешім шығарылғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы арыз берушіге хабарлайды.

3. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындаудан бас тартылған жағдайда зейнетақы төлемдерін тағайындаушы орган бас тартудың себептерін жазбаша түрде негіздеп, табыс етілген құжаттарды арыз берушіге қайтаруға міндетті.

4. Зейнетақы төлемдерін тағайындаушы органның шешіміне сот тәртібімен шағымдануға болады.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2006.07.04 N 148 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

17-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындау мерзімдері

1. Орталықтан зейнетақы төлемдері зейнетақы тағайындауға өтініш берілген күннен бастап тағайындалады.

2. Арыз бен қажетті құжаттарды Орталыққа бір мезгілде берген күн Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш берген күн болып есептеледі.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2006.07.04 N 148 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

6-тарау. Орталықтан зейнетақы төлемдерін төлеу және олардан ұстап қалу тәртібі

18-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік монополия

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Орталық мемлекеттік монополияға жататын мынадай қызмет түрлерін:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы, жәрдемақы төлемдерін, біржолғы және өзге де төлемдерді төлеуді ұйымдастыруды және жүзеге асыруды ;

1-1) күші жойылды - ҚР 2012.01.12 N 538-IV (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен ;

2) алып тасталды - ҚР 2007.01.12 N 224 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен ;

2-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) деректер базасын және міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастыруды ;

2-2) салымшы зейнетақы төлемдеріне құқық алған кезде нақты енгізген міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерін келесі қаржы жылына инфляцияның жобалы деңгейін ескеріп анықтауды ;

3) міндетті зейнетақы жарналарын дербес тұрғыдан есепке алуды ;

4) міндетті зейнетақы жарналарын агенттерден жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуды ;

4-1) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаспаған және (немесе) жеке сәйкестендіру нөмірі берілгенін растайтын құжаты жоқ (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарын агентке қайтаруды ;

4-2) жинақтаушы зейнетақы қорларына жинақталған зейнетақы қаражатының аударылғаны туралы электрондық хабарламалар жіберуді және салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналарынан құралған жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына аударуды жүзеге асыруды ;

4-3) салымшы (алушы) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен

қамсыздандыру туралы бір жыл ішінде екі рет шарт жасасқан жағдайда, сондай-ақ осы Заңның 45-2-бабының 4-1-тармағында белгіленген жағдайда міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғаларды деректердің бірыңғай тізіміне енгізуден бас тартуды ресімдеуді;

4-4) салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аудару кезінде туындаған жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелері бойынша өзара есеп айырысуды;

5) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға агенттердің Орталық есебіне аударған және Орталықтан агентке қайтарылған міндетті зейнетақы жарналарының сомалары бойынша тізілімдермен төлем құжаттарын табыс етуді;

5-1) Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындайтын органның төлемдерді тағайындауы үшін зейнетақы, жәрдемақы алушылардың істерінің макеттерін қалыптастыруды;

5-2) зейнетақы, жәрдемақы төлемдерін және өзге де төлемдерді алушылардың орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыруды және оларды дербестендірілген есепке алуды;

5-3) бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқа жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын аударуды;

5-4) міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу, аудару, қайтару мәселелері бойынша агенттермен және жинақтаушы зейнетақы қорларымен өзара іс-қимыл жасауды;

5-5) орталық атқарушы органның бірыңғай ақпараттық жүйесінің жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды;

5-6) Қазақстан Республикасы заңнамасының зейнетақы жинақтарының құпиясын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарын ескере отырып, жеке және заңды тұлғаларға Орталықтың қызмет түрлері бойынша ақпараттық қызметтер ұсынуды;

б) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз),

2006.07.04 N 148 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12 N 224 (2012.01.01 бастап күшіне енеді), 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.12 № 538-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін төлеу тәртібі

1. Орталықтан зейнетақы төлемдері ағымдағы ай үшін төленеді.
2. Осы Заңның 13-бабының 4-тармағымен және 60-бабымен көзделген шектеулер мен жағдайларды ескере отырып, жұмыс істейтін зейнеткерлердің зейнетақыны толық мөлшерінде алуға құқығы бар.
3. Зейнетақы төлемдері нотариат куәландырған сенімхат бойынша төленуі мүмкін.
4. Орталықтан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2006.07.04 N 148 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

20-бап. Өткен уақыт үшін зейнетақы төлемдерін алу

1. Есептелген, бірақ алушы талап етпеген зейнетақы төлемдерінің сомасы өткен уақыт үшін, бірақ оларды алуға өтініш беру алдындағы 3 жылдан аспайтын уақыт үшін төленеді.
2. Зейнетақы төлемдерін тағайындайтын немесе жүзеге асыратын органның кінәсінен уақытында алынбаған зейнетақы төлемдерінің сомасы өткен уақыт үшін мерзімі шектелмей төленеді.

21-бап. Зейнетақыдан ұстап қалу

1. Зейнетақы тағайындау кезіндегі қателіктер салдарынан артық төленген сомаларды зейнетақы төлемдерін алушының өтініші негізінде ұстап қалатын жағдайлардан, сондай-ақ сотталғандардың, бас бостандығынан айырылғандардың табысынан ұстап қалатын жағдайлардан басқа, зейнетақыдан ұстап қалу атқарушылық іс жүргізу тәртібімен жасалуы мүмкін.
2. Зейнетақыдан ұстап қалу төленуге тиісті сомадан жасалады.
3. Зейнетақыдан төленуге тиісті соманың 50 проценттен астамын ұстап қалуға болмайды.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

3-БӨЛІМ. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан және сақтандыру ұйымдарынан зейнетақымен қамсыздандыру

7-тарау. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақымен қамсыздандыру

22-бап. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеу

1. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын осы Заңда белгіленген ставкалар бойынша төлеуге тиіс.

2. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы міндетті зейнетақы жарналарын төлеу үшін бір ғана жинақтаушы зейнетақы қорын таңдауға және онымен міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға міндетті.

3. Осы Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарына сәйкес, зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады.

3-1. Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар, егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады.

3-2. Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден:

1) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетақы төлемдері тағайындалған;

2) осы Заңның 61-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Орталықтан зейнетақы төлемдері тағайындалған әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлері, арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар босатылады.

4. Міндетті зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді.

4-1. Ұстап қалынған (есебіне жазылған) міндетті зейнетақы жарналарын Орталыққа:

1) заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер (шағын бизнес субъектілері мен шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнайы салық режимін қолданатындардан басқа), сондай-ақ жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар қызметкерлерге төленетін табыстардан — табыстарды төленген айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей;

2) дара кәсіпкерлер (патент немесе оңайлатылған декларация негізінде шағын

бизнес субъектілері үшін және шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнайы салық режимін қолданатындардан басқа), сондай-ақ жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары мен адвокаттар өз пайдасына — есепті айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей ;

3) арнайы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалықтары — Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде ;

4) оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолданатын шағын бизнес субъектілері — Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген мерзімде ;

5) патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер — патент құнын төлеу үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген мерзімде ;

6) алып тасталды - ҚР 2010.06.30 № 297-IV (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен ;

7) Орталық - әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылатын айдан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей аударарды .

5. Міндетті зейнетақы жарналарының және осы Заңның 22-4-бабының 1-тармағына сәйкес есептелген өсімпұлдың толық және уақтылы төленуін бақылауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық органдары жүзеге асырады .

6. Міндетті зейнетақы жарналарын басқа адамдардың пайдасына төлеуге болмайды .

7. Агенттер 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік жеке кодының және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасалған зейнетақы шарттарының болмауына байланысты, тұрған жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын агенттер 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есебіне жазылған өсімпұлмен қоса, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджетке аударарды .

Бұл ретте, 2005 жылғы 1 қаңтардан кейін есебіне жазылған өсімпұл есептен шығаруға жатады .

Бюджетке аударылған міндетті зейнетақы жарналары мен өсімпұлдар сомаларын – бұрынғы қызметкерлер, ал олар қайтыс болған немесе қайтыс болды деп жарияланған жағдайда мұрагерлері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес талап ете алады .

8. Резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша оның филиалдары, өкілдіктері агенттер ретінде қаралуы мүмкін .

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.13 N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз); 2005.04.13 N 40 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 2007.01.12 N 224 (2012.01.01 бастап күшіне енеді); 2007.12.19 N 9 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.06.30 № 297-IV (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.01.06 N 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2011.07.21 № 467-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2012.01.12 № 538-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-1-бап. Міндетті зейнетақы жарналарының ставкасы

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларына төленуге тиісті міндетті зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын, қызметкердің ай сайынғы табысының он проценті мөлшерінде белгіленеді. Бұл ретте, міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы табыс тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының жетпіс бес еселенген ең төменгі мөлшерден аспауға тиіс.

1-1. Қазақстан Республикасының судьялары үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына республикалық бюджет қаражаты есебінен судьяның ай сайынғы кірісінің он проценті мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналары қосымша белгіленеді.

Судья теріс себептер бойынша қызметінен босатылған кезде көрсетілген жарналар алынады және республикалық бюджетке аударылады.

2. Адвокаттар, жеке сот орындаушылары, жеке нотариустер, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына өз пайдасына төлеуге жататын, салық кезеңінің әрбір айы үшін есептелетін міндетті зейнетақы жарналары мәлімделетін табыстың он проценті мөлшерінде, бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінің он процентінен кем емес және жалақының жетпіс бес еселенген ең төменгі мөлшерінің он процентінен жоғары емес болып белгіленеді.

Арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалықтары үшін шаруа немесе фермер қожалығының кәметке толған мүшесінің (қатысушысының) және басшысының пайдасына жинақтаушы зейнетақы

қорларына төлеуге жататын, салық кезеңінің әрбір айы үшін есептелетін міндетті зейнетақы жарналары тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінің он процентінен кем емес және жалақының жетпіс бес еселенген ең төменгі мөлшерінің он процентінен жоғары емес мөлшерде белгіленеді. Шаруа немесе фермер қожалығының кәмелетке толған мүшелерінің (қатысушыларының) пайдасына міндетті зейнетақы жарналары олар кәмелетке толған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдан бастап есептелуге және төленуге тиіс.

Дара кәсіпкер, адвокат, жеке сот орындаушысы және жеке нотариус жинақтаушы зейнетақы қорларына өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін дербес айқындайтын табыс мәлімделетін табыс болып табылады.

3. Алып тасталды - ҚР 04.02.2013 № 75-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 22-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.11 N 201 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2007.02.22 N 232 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-2-бап. Ерікті зейнетақы жарналарының ставкасы

1. Салымшы-жеке тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті зейнетақы жарналарын олармен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жағдайда өз пайдасына өз табысы есебінен енгізеді.

2. Алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарналарының салымшылары жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін.

3. Ерікті зейнетақы жарналарының ставкасы, оларды төлеу тәртібі, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін төлеу тәртібі ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімі бойынша белгіленеді.

Ескерту. 22-2-баппен толықтырылды - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

22-3-бап. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының ставкасы

1. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді кәсіптерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін қызметкердің пайдасына салымшылар өз қаражаты есебінен жүзеге асырады.

2. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының ставкасы ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімі бойынша белгіленеді, бірақ ол қызметкердің ай сайынғы табысының он процентінен жоғары болмауға тиіс. Бұл орайда ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын ай сайынғы кіріс Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен анықталады.

Ескерту. 22-3-бапмен толықтырылды - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

22-4-бап. Міндетті зейнетақы жарналарының уақтылы ұсталмағаны және аударылмағаны үшін жауапкершілік

1. Агент уақтылы ұстамаған (есептемеген) және (немесе) аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының сомалары салымшы табысты нақты төлеген және алған жағдайда оларды салық органдары өндіріп алады немесе оларды агенттер әрбір мерзімі өткен күнге (Орталыққа төлейтін күнді қоса алғанда) уәкілетті орган белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен бірге міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының пайдасына аударуға тиіс.

2. Міндетті зейнетақы жарналары толық және (немесе) уақтылы аударылмаған жағдайда салық органдары міндетті зейнетақы жарналары бойынша жинақталып қалған берешек шегіндегі ақшаны агенттердің банктегі шоттарынан өндіріп алуға құқылы.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен агентке жіберілетін хабарлама негізінде жүргізіледі.

Егер міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі сомадан аспайтын болса, мұндай хабарлама жіберілмейді.

3. Агент хабарлама алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде салық о р г а н ы н а :

1) міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек пайдасына өндіріліп алынатын жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының тізімдерін табыс е т у г е м і н д е т т і .

2) **алынып тасталды - ҚР 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

Агенттердің банк шоттарынан міндетті зейнетақы жарналары бойынша

берешекті өндіріп алу салық органының инкассолық өкімі негізінде жүргізіледі.

Клиентке қойылатын талаптардың бәрін қанағаттандыру үшін банк шотында (шоттарында) ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда банк клиенттің ақшасын алып қоюды Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде белгіленген кезектілік тәртібімен жүргізеді.

Агенттің банк шотында ұлттық валютамен ақша болмаған жағдайда, міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алу салық органдары теңгелей шығарған инкассалық өкімдері негізінде агенттің шетел валютасындағы банк шоттарынан жүргізіледі.

4. Салық органдарының өкімі бойынша, егер агент міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек пайдасына өндіріліп алынатын жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының тізімін табыс етпесе және міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек болса, банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар агенттердің банк шоттарындағы барлық шығыс операцияларын тоқтата тұруға және міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдары мен салық берешегін аударуға қатысты нұсқауларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орындауға міндетті.

Салық органының банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімінің күшін банк шоты (шоттары) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрудың себептері жойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім шығарған салық органы жояды.

5. Агенттің банк шоты болмаған немесе агенттің банк шоттарында ақша жеткіліксіз болған жағдайда, салық органы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.
V 0 9 5 5 5 9

6. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын осы сомаларды агенттердің банк шоттарынан есептен шығаратын күні Орталық арқылы аударуға міндетті.

7. Салық қызметі органдары жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында салық төлеуші агенттің тіркеу нөмірін, басшысының тегін, атын, әкесінің атын және міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек сомасын көрсете отырып, міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегі туындаған күннен бастап алты айдан астам мерзімде өтелмеген берешегі бар агенттердің тізімдерін жариялайды.

Ескерту. 22-4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.13 N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.11 N 201 (2007.01.01

бастап қолданысқа енгізіледі); 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-бап. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері

1. Жинақтаушы зейнетақы қорында жинақталған зейнетақы қаражаты бар адамдардың:

1) осы Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарында көзделген жағдайлар басталғанда;

2) еркектер – елу бес жасқа және әйелдер елу жасқа толғанда, осы Заңның 31-1-бабының 2-тармағына сәйкес, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем емес төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болғанда;

3) егер мүгедектігі мерзімсіз белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектердің;

4) осы Заңның 60-бабының 1-тармағында аталғандардың;

5) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен, кету ниетін немесе кету фактісін растайтын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құжаттарды табыс еткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорында міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы қаражаты бар адам қайтыс болған жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 04.02.2013 № 75-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-1-бап. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері

1. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдеріне жинақтаушы зейнетақы қорларында жинақталған зейнетақы қаражаты бар мына адамдардың:

1) елу жасқа толған адамдардың;

2) мүгедектердің;

3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен және кету ниетін немесе кету фактісін растайтын Қазақстан

Республикасының заңдарында белгіленген құжаттарды табыс еткен адамдардың құқығы пайда болады.

2. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорында жинақталған зейнетақы қаражаты бар адам қайтыс болған жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Ескерту. 23-1-баппен толықтырылды - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

23-2-бап. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері

1. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдеріне:

1) елу жасқа толған;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен және кету ниетін немесе кету фактісін растайтын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құжаттарды табыс еткен адамдардың құқығы пайда болады.

2. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорында жинақталған зейнетақы қаражаты бар адам қайтыс болған жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Ескерту. 23-2-баппен толықтырылды - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

23-3-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шоттарында жинақталған зейнетақы қаражаты бар алушыларға оның жеке басын куәландыратын куәлігі болған жағдайда төленеді.

2. Осы Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарында, 22-бабының 3-2-тармағында аталған адамдардың, сондай-ақ егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектердің өз таңдауы бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорынан белгіленген кесте бойынша зейнетақы төлемдері түрінде және (немесе) сақтандыру ұйымынан зейнетақы аннуитетінің шартына сәйкес жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен сақтандыру төлемдері түрінде алуға құқығы бар.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдардың жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартының сомасынан артық болған жағдайда, осы айырма салымшыға

(алушыға) белгіленген кесте бойынша жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері түрінде төленеді.

3. Алушыға Орталықтан тағайындалған ай сайынғы зейнетақы төлемдерінің және кесте бойынша төленетін зейнетақы төлемдерінің сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем болмауы керек.

4. Кесте бойынша зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезеңділігі (ай сайынғы, тоқсан сайынғы, жыл сайынғы) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес белгіленеді.

5. **Алып тасталды - ҚР 04.02.2013 № 75-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

5-1. Зейнетақы төлемдерін жинақтаушы зейнетақы қоры деректемелері зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы алушының өтінішінде көрсетілетін алушының банктік шотына аударды.

Зейнетақы жинақтарын айырбастау сомаларын қоспағанда, оларды аударуға, есепке жатқызуға және төлеуге байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу жинақтаушы зейнетақы қорының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақтардан зейнетақы төлемдерін төлеуді жүзеге асырудың тәртібі мен алушы табыс ететін құжаттардың тізбесі ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың талаптарымен анықталады.

Ескерту. 23-3-баппен толықтырылды - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.04.13 N 40 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы мәліметтер беру

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, агенттер міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (есепке жазылған) сомалары жөнінде мәліметтерді көрсететін жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде тоқсан сайын тапсырады.

Декларацияның нысанын және оны жасаудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

1-1. Міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұстап қалынған (есебіне жазылған) және аударылған сомалары бойынша есеп-қисап салық органдарына осы Заңның 22-бабының 3, 3-1 және 3-2-тармақтарына сәйкес міндетті зейнетақы

жарналарын төлеуден босатылған адамдар бойынша ұсынылмайды.

2. (а л ы п т а с т а л д ы)

3. Агенттер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес әрбір қызметкер бойынша есептелген, ұсталған (есептеп қосылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарының бастапқы есебін жүргізуге м і н д е т т і .

4. Агент есептелген, ұсталған (есептеп қосылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы мәліметтерді салымшыларға ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей табыс етіп отыруға міндетті.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді); өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.13 N 11 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз); 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

25-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері: зейнетақы жарналары, инвестициялық кіріс, өсімпұл және жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақыларын шегеріп тастағандағы залалдарды өтеу ретінде түскен қаражат есебінен қалыптасады.

1-1. Заңды және жеке тұлғалардың зейнетақы активтеріне құқығы осы Заңмен көзделген заттық құқықтар разрядына жатады.

2. Салымшының, алушының, Орталықтың, жинақтаушы зейнетақы қорының, кастодиан банктің және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның борыштары бойынша міндетті зейнетақы жарналарына, өсімпұлдарға, зейнетақы активтері мен зейнетақы жинақтарына, оның ішінде аталған субъектілер таратылған және (немесе) банкрот болған жағдайларда, тыйым салуға немесе олардан өндіріп алуға жол берілмейді.

2-1. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері тек мына мақсаттарға ғана жұмсалуды мүмкін:

1) тізбесін уәкілетті органдар белгілейтін қаржы құралдарына орналастыруға;
2) зейнетақы төлемдерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыруға;

3) Қазақстан Республикасының зейнетақы жинақтарын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына не зейнетақы аннуитеті бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сақтандыру ұйымына аударуға;

4) қате есептелген зейнетақы жарналарын және өзге де қате есептелген а қ ш а н ы қ а й т а р у ғ а ;

5) жинақтаушы зейнетақы қорына осы Заңда белгіленген жағдайда және мөлшерде комиссиялық сыйақы төлеуге.

3 . (а л ы п т а с т а л д ы)

4. Алушы, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларында жинақталған зейнетақы қаражаты бар және осы Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарына сәйкес зейнеткерлік жасқа жетпеген адам қайтыс болған жағдайда оның отбасына не алушыны жерлеген адамға жинақтаушы зейнетақы қорлары жерлегені үшін елу еселенген айлық есептік көрсеткіш шегінде, бірақ жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан аспайтын мөлшерде біржолғы төлем жасайды.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді); 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді); 2008.11.20 N 88 -IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

26-бап. Зейнетақы активтерін кастодиан-банкте сақтау және есепке алу

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері кастодиандық шартқа сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорымен және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен үлестес емес кастодиан - банкте сақталады және соның шотында есепке алынады.

Үлестес тұлғалардың тізбесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабында белгіленеді.

2. Кастодиандық шарт кастодиан банк, жинақтаушы зейнетақы қоры және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым арасында жасалады. Егер зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жинақтаушы зейнетақы қоры дербес жүзеге асыратын болса, кастодиандық шарт кастодиан банк пен жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалады.

2-1. Үлгілік кастодиандық шарттың нысанын уәкілетті орган әзірлейді және б е к і т е д і .

3. Кастодиан банк жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің нысаналы орналастырылуын бақылауды жүзеге асырады және олар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеген жағдайда, бұл туралы уәкілетті орган мен жинақтаушы зейнетақы қорын келесі жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар ете отырып, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның немесе жинақтаушы зейнетақы қорының (егер зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жинақтаушы зейнетақы қоры дербес жүзеге асыратын болса) тапсырмаларына шектеу қоюға (орындамауға) міндетті.

Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін нысаналы орналастырылуына кастодиан-банктің бақылау жасауды жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

4. Кастодиан-банк зейнетақы активтерін шоғырландыру, оларды орналастыру жөніндегі, инвестициялық табыс алу жөніндегі барлық операциялардың есебін жүргізеді және жинақтаушы зейнетақы қорын оның шоттарының жай-күйі және зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қызметі туралы айналыс хабардар етіп отырады.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорының бір кастодиан-банкі болуға тиіс.

6. Кастодиандық шарт жинақтаушы зейнетақы қоры атқарушы органының тиісті шешімі негізінде кастодиан банк пен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым хабардар етіле отырып және зейнетақы активтерін жаңа кастодиан банкке және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға беру рәсімі аяқталғаннан кейін шартты бұзудың белгіленген күніне дейін жиырма күн мерзімде жинақтаушы қордың талап етуімен біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.

7. Жаңа кастодиан банкпен кастодиандық шарт және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын жаңа ұйыммен инвестициялық басқаруға шарт жасасқан кезден бастап отыз күн мерзімде жинақтаушы зейнетақы қоры бұл туралы мемлекеттік тілде және орыс тілінде екі баспасөз басылымында тиісті жарияланымдар арқылы өз салымшылары мен агенттерін хабардар етеді.

8. Жинақтаушы зейнетақы қорымен арадағы кастодиандық шарт бұзылған кезден бастап алты айға дейінгі мерзімде бұрынғы және жаңа кастодиан банктер арасында бұрынғы кастодиан банктің оған келіп түсетін зейнетақы жарналарын жаңа кастодиан банкке аударуы туралы тиісті шарт жасалады.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

27-бап. Міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жинақтаушы зейнетақы қорларының алушылары мен агенттердің құқықтары мен міндеттері

1. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары мен жинақтаушы зейнетақы қорлары алушыларының:

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

1) тармақша 2015.01.01 ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен жаңа редакцияда жазылады.

1) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу үшін жинақтаушы зейнетақы қорын таңдауға;

2) жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлері, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым мен кастодиан банк туралы уәкілетті орган анықтайтын көлемде ақпарат алуға;

3) жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпарат алуға;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының іс-әрекетіне сот тәртібімен шағым ж а с а у ғ а ;

5) төлемдерді жүзеге асыру кезінде жинақтаушы зейнетақы қорынан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы т ө л е м д е р і н а л у ғ а ;

б) өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне, бірақ жылына екі реттен асырмай, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен аударуға;

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

6-1) тармақшамен 2015.01.01 ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен толықтырылады.

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзінің жинақталған зейнетақы қаражатына өсиетхат қалдыруға;

8) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрғылықты тұруға кеткен кезде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жинақталған зейнетақы қ а р а ж а т ы н а л у ғ а ;

9) жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорынан сақтандыру ұ й ы м ы н а а у д а р у ғ а ;

10) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Агенттердің Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Орталықтан қызметкердің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартының болуы туралы растама алуға құқығы бар.

3. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары мен жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін алушылар:

1) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарына сәйкес бір мезгілде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы бір шарттың ғана тарабы болуға және тек қана бір жинақтаушы зейнетақы қорында міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы қаражатының болуына;

2) жинақтаушы зейнетақы қорларына жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттемелерін орындауға ықпал жасайтын барлық өзгерістер туралы осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабарлауға;

3) (а л ы п т а с т а л д ы)

4) осы заңда көзделген жағдайларда зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға;

5) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарына және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт талаптарына сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

4. Агенттер жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мерзім мен тәртіп бойынша уақтылы есептеуге, ұстауға (есептеп қосуға) және төлеуге міндетті.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді), 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

27-1-бап. Жинақталған зейнетақы қаражатын аудару

1. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына аудару салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап басқа зейнетақы қорымен жасасатын шарты бойынша Орталықтың электрондық хабарламасы бойынша жүзеге асырылады.

2. Салымшының (алушының) жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне аударудың тәртібі, сондай-ақ салымшының (алушының) жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қоры ішінде инвестициялық портфельдің бір түрінен басқасына аудару уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

3. Салымшыда (алушыда) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы түрлі жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасасқан екі және одан да көп шарты болған кезде бірнеше жинақтаушы зейнетақы қорынан біреуіне аудару 2009 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен салымшының (алушының) жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына аударуды салымшы (алушы) 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшы (алушы) туралы ақпарат бар және салымшыға (алушыға) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен электрондық терминалдар арқылы аударуға мүмкіндік беретін электрондық құжат арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 27-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

28-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы төлемдерін алушының құқықтары мен міндеттері

Ескерту. 28-бап алынып тасталды - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

29-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақылық қағидалары және инвестициялық декларациялары

1. Жинақтаушы зейнетақы қорлары:

1) зейнетақы шарттарын өзгерту немесе тоқтату тәртібін;
2) зейнетақы жарналары мен төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптарын ;

3) жинақтаушы зейнетақы қорларының алушылар мен салымшылар алдындағы міндеттемелері бойынша жауапкершілігін;

4) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беру тәртібін;

5) зейнетақы жинақтарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне а у д а р у т а л а п т а р ы н ;

6) салымшыларға жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлері, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым және кастодиан банк туралы мәліметтер ұсынуды;

7) жинақтаушы зейнетақы қоры қалыптастыратын инвестициялық портфельдер туралы мәліметтерді;

8) жинақтаушы зейнетақы қорлары, салымшылар мен алушылар арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін қамтитын зейнетақылық қағидаларды белгілейді.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорлары әрбір қалыптастырылатын инвестициялық портфель бойынша инвестициялық декларациялар қабылдайды.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының әрбір инвестициялық портфель бойынша инвестициялық декларациялары, сондай-ақ оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар мерзімді баспа басылымдарында олар бекітілген күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде жариялануға тиіс.

Инвестициялық декларациялар жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық қызметіне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес болуға тиіс.

3. Зейнетақылық қағидаларды және инвестициялық декларацияларды, сондай-ақ оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды акционерлердің жалпы жиналысы уәкілеттік берген жинақтаушы зейнетақы қорының органы б е к і т е д і .

4. Зейнетақылық қағидалар мен инвестициялық декларациялар жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) мүдделеріне қысым жасамауға және оларды нашарлатпауға тиіс.

Ескерту. 29-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-бап. Салымшының (алушының) жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасасатын зейнетақы шарты

1. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы (алушы) арасында міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарға сәйкес жазбаша түрде жасалады.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларында көрсетілген, уәкілетті органмен келісілген және жинақтаушы зейнетақы қорының интернет-ресурстарында жарияланған жинақтаушы зейнетақы қоры, оның филиалдары және (немесе) өзге де бөлімшелері (өкілдіктерін қоспағанда) орналасқан жерден тыс жерде жасасқан жағдайда салымшының (алушының) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттағы қолтаңбасының түпнұсқалығын нотариус немесе «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңында нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілеттік берілген өзге де адамдар куәландыруға тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттардың есебін олар жасалған жерді, салымшы (алушы) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қол қойған кезде қатысқан нотариустың немесе «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілеттік берілген өзге де тұлғалардың, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қоры қызметкерлерінің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) көрсете отырып жүргізеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

1-1. Жинақтаушы зейнетақы қорымен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар жасасу үшін адамдарды тарту процесінде осы адамдарға:

1) а қ ш а ;

2) бір сыйлық үшін құны айлық есептік көрсеткіштің екі еселенген мөлшерінен асатын, жинақтаушы зейнетақы қорының атауы жазылмаған сыйлықтар ұсынуға (беруге) тыйым салынады.

Осы тармақтың талабы жинақтаушы зейнетақы қорларына, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға, жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың барлық қызметкерлеріне қолданылады.

2. Міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы

үлгі шартты уәкілетті орган әзірлеп, бекітеді және онда мынадай мәліметтер мен талаптар қамтылады :

- 1) жинақтаушы зейнетақы қорының атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері ;
- 2) алушының және (немесе) салымшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, мекен жайы (егер салымшы жеке тұлға болса), сондай-ақ атауы орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі және заңды тұлға болып табылатын салымшының банктік реквизиттері;
- 3) шарттың мәні ;
- 4) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- 5) зейнетақы жарналарын енгізудің тәртібі мен шарттары;
- 6) жеке зейнетақы шотының нөмірі;
- 7) жинақтаушы зейнетақы қорының жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі жөнінде есеп беру тәртібі;
- 8) тараптардың міндеттемелерді орындамаған жағдайлардағы жауапкершілігі;
- 9) шарттың қолданылу мерзімі;
- 10) шартты өзгертудің және бұзудың тәртібі мен ережесі;
- 11) алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен .

12) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де мәліметтер болады.

3. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы қаражатын бір жылда екі реттен артық аудармау туралы талаптарды орындағаны туралы Орталықтың растаған кезінен бастап күшіне енеді .

4. Салымшы (алушы) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы басқа жинақтаушы зейнетақы қорымен шарт жасасқан кезде жіберуші қорлар жинақталған зейнетақы қаражатын Орталықтың электрондық хабарламасы негізінде он бес жұмыс күні ішінде алушы қорға жіберуге тиіс. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына аударған кезеңде салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жаңа шарт жасасуына не жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына аударуына жол берілмейді .

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жинақталған зейнетақы қаражатын аудару рәсімі аяқталғаннан кейін бұзылады .

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап

күшіне енеді), 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2007.01.12 N 224 (2012.01.01 бастап күшіне енеді), 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.12 № 538-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

31-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының және өзге де адамдардың жауапкершілігі

1. Жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің салымшы мен алушының алдындағы міндеттемелері бойынша өз мүлкімен ғана жауапты болады.

2. Салымшылар мен алушылар жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, дәл сол сияқты жинақтаушы зейнетақы қорлары да салымшылар мен алушылардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар мен кастодиан банктер жауапкершілігінің талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерімен және шарттармен белгіленеді.

4. Егер жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша күнтізбелік жылдың соңына консервативтік және (немесе) қалыпты инвестициялық портфель бойынша есептелген номиналдық кірістілігінің көрсеткіші портфельдің тиісті түрі бойынша кірістіліктің ең төменгі мәнінен кем шаманы құрайтын болса, онда жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен номиналдық кірістіліктің көрсеткіші мен кірістіліктің ең төменгі мәні арасындағы айырманы өз капиталының есебінен қалпына келтіреді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының консервативтік немесе қалыпты инвестициялық портфелінің номиналдық кірістілігін және әрбір инвестициялық портфель түрі кірістілігінің ең төменгі мәнін есептеудің тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

Өзінің басқаруындағы әрбір жинақтаушы зейнетақы қорының консервативтік және (немесе) қалыпты портфелінің активтеріне қатысты зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры кірістіліктің ең төменгі мәнінен төмен емес кірістілік алуды қамтамасыз етеді.

Егер жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша күнтізбелік жылдың соңына консервативтік немесе қалыпты инвестициялық портфель бойынша есептелген номиналдық кірістілігінің көрсеткіші кірістіліктің ең төменгі мәнінен кем шаманы құраса, бұл жағдайда жинақтаушы зейнетақы

қоры зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға номиналдық кірістіліктің көрсеткіші мен кірістіліктің ең төменгі мәні арасындағы айырманы өтеу туралы талап қояды.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

4-1-тармақпен 2015.01.01 ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен толықтырылады.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорлары Орталықтың зейнетақы жинақтарын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аудару туралы хабарламасын орындамағаны, уақтылы орындамағаны үшін құқықтары бұзылған салымшының (алушының) пайдасына аударылуға жататын зейнетақы жинақтары сомасына әрбір мерзімі өткен күн үшін (аудару күнін қоса алғанда) уәкілетті органның қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақы төлемдерін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін құқықтары бұзылған адамның пайдасына әрбір мерзімі өткен күн үшін (төлеу күнін қоса алғанда) уәкілетті органның қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшеріндегі төлем сомасында өсімпұл төлеуге міндетті.

Орталық жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы жинақтарын уақтылы аудармағаны үшін құқықтары бұзылған салымшының (алушының) пайдасына аударылуға жататын зейнетақы жинақтары сомасына әрбір мерзімі өткен күн үшін (аудару күнін қоса алғанда) уәкілетті органның қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-1-тарау. Сақтандыру ұйымдарынан зейнетақымен қамсыздандыру

Ескерту. 7-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

31-1-бап. Сақтандыру ұйымдарынан төленетін сақтандыру төлемдері

1. Осы Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарында және 23-бабының 1-тармағы 3) тармақшасында аталған адамдар сақтандыру ұйымымен міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалана отырып, сақтандыру төлемдерін өмір бойы жүзеге асыру туралы зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға құқылы. Бұл орайда сақтандыру ұйымынан төленетін

айлық сақтандыру төлемінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шарты жасасылған күнге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем болмауы керек.

2. Осы Заңның 23-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында аталған адамдардың сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда жинақталған зейнетақы қаражатын алуға құқығы бар.

Осы тармақта аталған адамдарға сақтандыру ұйымы зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру төлемдерін өмір бойы төлейді. Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шарты айлық сақтандыру төлемінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шарты жасасылған күнге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем болмаған жағдайда жасалады.

3. Осы Заңның 23-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында аталған адамдардың міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан өзінің жинақталған зейнетақы қаражатының елу процентінен аспайтынын пайдалана отырып, зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда ғана осы Заңның 9-бабының 1-тармағында көрсетілген жасқа жеткенге дейінгі мерзімге жинақталған зейнетақы қаражатын алуға құқығы бар.

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинақталған зейнетақы қаражатының қалған бөлігі салымшыға (алушыға) осы Заңның 9-бабының 1-тармағында көрсетілген жасқа келгенде белгіленген кесте бойынша жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері түрінде төленеді.

4. Осы Заңның 23-2-бабының 1-тармағында аталған адамдардың ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалана отырып, зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда ғана осы Заңның 9-бабының 1-тармағында көрсетілген жасқа жеткенге дейінгі мерзімге жинақталған зейнетақы қаражатын алуға құқығы бар.

5. Осы баптың 2, 4-тармақтарында көрсетілген тұлғалардың жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы зейнетақы аннуитеті шартының сомасынан артық болған жағдайда, осы айырма салымшыға (алушыға) осы Заңның 9-бабының 1-тармағында көрсетілген жасқа келгенде белгіленген кесте бойынша жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері түрінде төленеді.

6. Сақтандыру төлемдерін сақтандыру ұйымы деректемелері зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілетін сақтанушының банктік шотына аударады.

Сақтандыру төлемдерінің сомасын аударуға, есепке жатқызуға және төлеуге байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу сақтандыру ұйымының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 31-1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу

тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-2-бап. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу

1. Зейнетақы аннуитетінің үлгі шартын уәкілетті орган әзірлейді және б е к і т е д і .

2. Зейнетақы аннуитеті шарты сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) мен сақтандыру ұйымы арасында осы Заң талаптарымен белгіленген мерзімге ж а с а л а д ы .

3. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасушы адам сақтандыру ұйымын таңдауға е р і к т і .

4. Зейнетақы аннуитеті шарты алушының жазбаша өтініші негізінде ж а с а л а д ы .

5. Зейнетақы аннуитеті шарты жинақтаушы зейнетақы қоры жинақталған зейнетақы қаражатының сомаларын сақтандыру ұйымына аударған кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

6. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан адамның оны жасасқан күннен бастап екі жыл ішінде бұзуға құқығы жоқ.

Басқа сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда зейнетақы аннуитеті шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға болады. Зейнетақы аннуитеті шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда онда көзделген сатып алу сомасы, жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері мен сақтандыру ұйымының іс жүргізуге жұмсаған шығыстары шегеріліп төленген сақтандыру сыйлықақы сомасынан кем болмауға тиіс.

7. Осы Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарында, 23-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында және 23-2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының сомасынан асып кеткен жағдайда, осы адамдар бірнеше сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті ш а р т т а р ы н ж а с а с у ға құ қ ы л ы .

Ескерту. 31-2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-3-бап. Зейнетақы аннуитеті шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері

1 . С а қ т а н у ш ы н ы ң :

1) сақтандыру ұйымы жүргізген сақтандыру төлемдері мөлшерінің е с е п - қ и с а б ы м е н т а н ы с у ға ;

1-1) зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған кезде зейнетақы аннуитеті

шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін жетіспейтін соманы ерікті зейнетақы жарналары мен ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын біріктіру арқылы міндетті зейнетақы жарналары есебінен қосымша төлеуді жүзеге асыруға;

1-2) зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған кезде зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін жетіспейтін соманы ерікті зейнетақы жарналары мен ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын біріктіру арқылы міндетті зейнетақы жарналары есебінен сақтандыру ұйымының шотына өз ақшасынан қосымша төлеуді жүзеге асыруға;

2) сақтандыру ұйымынан төленетін сақтандыру төлемдері мөлшерінің есеп-қисабын жүргізу үшін тәуелсіз сарапшылар тартуға;

3) зейнетақы аннуитеті шарты жоғалған жағдайда оның көшірмесін алуға құқығы бар.

2. Сақтанушы :

1) зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде, осы шарттың түпнұсқасын табыс ете отырып, жинақтаушы зейнетақы қорын хабардар етуге;

2) басқа сақтандыру ұйымымен жаңа зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан кезде оны жасасқан күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде, бұрынғы сақтандыру ұйымына жаңа шарттың түпнұсқасын табыс ете отырып, бұрын жасасқан зейнетақы аннуитеті шарты бойынша міндеттемелерді орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға міндетті.

3. Сақтандыру ұйымының зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес жинақталған зейнетақы қаражатының сомасын бір рет және толық көлемде алуға құқығы бар.

4. Сақтандыру ұйымы :

1) сақтанушыны сақтандыру ұйымынан төленетін сақтандыру төлемдері мөлшерінің есеп-қисабымен таныстыруға;

2) зейнетақы аннуитеті шартын үш дана етіп ресімдеуге міндетті, оның екеуі сақтанушыға беріледі;

3) осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын алған кезден бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде зейнетақы аннуитеті шартында аталған сақтандыру ұйымына сатып алу сомасын аударуға;

4) сақтандыру ұйымынан зейнетақы аннуитеті шартында көзделген сақтандыру төлемдері уақытылы жүзеге асырылмаған жағдайда сақтанушыға кешіктірілген әр күн үшін төленбей қалған соманың 1,5 проценті мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

5) сақтанушы қайтыс болған жағдайда отбасына, не қайтыс болған адамды

жерлеген адамға жерлеуге арналған жәрдемақы түрінде зейнетақы аннуитеті шартында белгіленген мөлшерде, бірақ кемінде он бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

Ескерту. 31-3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.10.23 N 72-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-4-бап. Жинақталған зейнетақы қаражатын сақтандыру ұйымына аударудың тәртібі

1. Жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген талаптарға сәйкес келетін құжаттарды алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде алушының жинақталған зейнетақы қаражатын сақтандыру ұйымына аударуға міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған міндеттемелердің орындалуын кешіктірген жағдайда жинақтаушы зейнетақы қоры алушы алдында осы Заңның 31-бабының 3-тармағына сәйкес жауапты болады.

Ескерту. 31-4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-5-бап. Зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысы мен сақтандыру төлемдерін есептеуді жүзеге асыру

1. Сақтандыру сыйлықақысы мен сақтандыру төлемін есептеуді уәкілетті орган белгілеген әдістемеге сәйкес сақтандыру ұйымы не тәуелсіз сарапшы жүзеге асырады.

2. Сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша іс жүргізуге жұмсалатын шығыстарының жол берілетін деңгейін уәкілетті орган белгілейді.

3. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдері мерзімдік сақтандыру төлемдерін және сақтанушының қалауы бойынша біржолғы сақтандыру төлемін қамтиды.

Мерзімдік сақтандыру төлемдері осы Заңның 31-1-бабының талаптарына сәйкес зейнетақы аннуитеті шарты тараптарының келісімі бойынша ай сайын, тоқсан сайын немесе өзге де тәртіппен, бірақ жылына кемінде бір рет жүзеге асырылады.

Сақтандыру ұйымы бірінші мерзімдік сақтандыру төлемін зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарын аударған кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

4. Біржолғы сақтандыру төлемінің мөлшері жинақтаушы зейнетақы қорынан сақтандыру ұйымына аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасына қарай, м ы н а д а й :

1) егер аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 7 000 еселенген мөлшерінен аспайтын болса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының он пайызынан аспайтын;

2) егер аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 7 000 еселенген мөлшерінен асып кеткенімен, айлық есептік көрсеткіштің 15 000 еселенген мөлшерінен аспайтын болса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының жиырма пайызынан а с п а й т ы н ;

3) егер аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 15 000 еселенген мөлшерінен асып кетсе, сақтандыру сыйлықақысы сомасының отыз пайызынан аспайтын м ө л ш е р д е б е л г і л е н е д і .

Салымшымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқаннан кейін қалған не қайта қалыптасқан зейнетақы жинақтарын жинақтаушы зейнетақы қорынан сақтандыру ұйымына ішінара немесе толық аударған кезде біржолғы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға жол берілмейді.

5. Сақтандырушы осы баптың 4-тармағында көзделген талаппен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу бойынша делдалдық қызмет көрсеткені үшін сақтандыру агентіне төлейтін комиссиялық сыйақының мөлшерін сақтандыру ұйымы зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан адамға сақтандыру ұйымы төлейтін біржолғы сақтандыру төлемін есепке алмастан, есебіне жазылған сақтандыру сыйлықақысы мөлшеріне қарай есептейді.

Ескерту. 31-5-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-тарау. Жинақтаушы зейнетақы қорларын ұйымдастыру

32-бап. Алынып тасталды - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

33-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының түрлері

Ескерту. 33-бап алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

34-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының құқықтық жағдайы

1. Жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлік қоғам нысанында құрылады.
2. Жинақтаушы зейнетақы қорының акциялары қор биржасы ресми тізімінің

уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген санаттарына енгізілуге тиіс.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорын құру және оның қызметі кезеңінде мына талаптардың бірі орындалуға тиіс:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының акциялары акционерлер арасында орналастырылуға тиіс, олардың үшеуі және одан көбі бір-біріне қатысты үлестес болмайтын ірі акционерлер болып табылады. Бұл ретте жинақтаушы зейнетақы қорының бір акционерінің не бір-біріне қатысты үлестес болатын акционерлер тобының үлесі жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жалпы санының жетпіс бес пайызынан аз болуға тиіс;

2) жинақтаушы зейнетақы қорының миноритарлық акционерлерге тиесілі акцияларының үлесі жиынтығында жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан көп болуға тиіс.

Бұл ретте миноритарлық акционердің үлесі оның үлестес тұлғаларымен бірге жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жалпы санының он пайызынан аз болуға тиіс.

Осы тармақтың талаптары мемлекет қатысатын жинақтаушы зейнетақы қорларына қолданылмайды.

4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптардан басқа жинақтаушы зейнетақы қорының жарғысы:

- 1) корпоративтік басқару кодексінің;
- 2) корпоративтік хатшы лауазымының;
- 3) корпоративтік веб-сайттың;

4) «алтын акцияға» тыйым салудың болуын көздеуге тиіс.

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

34-1-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы инвестициялық портфельдер

1. Жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтері есебінен инвестициялық портфельдердің мынадай түрлерін:

1) акцияларды қоспағанда, активтері қаржы құралдарына инвестицияланатын консервативтік түрін;

2) активтері қаржы құралдарына, оның ішінде отыз проценттен аспайтын мөлшерде акцияларға инвестицияланатын қалыпты түрін қалыптастыруға міндетті.

РҚАО - ның ескертуі!

2-тармақ 2015.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Жинақтаушы зейнетақы қоры агрессивті инвестициялық портфельді қосымша қалыптастыруға құқылы, оның активтері қаржы құралдарына, оның

ішінде сексен проценттен аспайтын мөлшерде акцияларға инвестицияланады.

3. Зейнетақы активтерін қаржы құралдарына инвестициялаудың тәртібі мен шарттары, оның ішінде инвестициялау объектілерінің тізбесі, қаржы құралдарының түрлері бойынша инвестициялардың мөлшері және инвестициялық портфельдің әр түрі үшін инвестициялардың жиынтық мөлшері, хеджирлеу жөніндегі талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

4. Жинақтаушы зейнетақы қоры инвестициялық декларацияны инвестициялық портфельдің әрбір түрі үшін әзірлейді.

Жинақтаушы зейнетақы қоры инвестициялық декларацияға өзгерістерді жылына көп дегенде екі рет енгізуге құқылы.

5. Зейнеткерлік жасына дейін жеті жыл және одан да аз уақыт қалған не зейнеткерлік жасына жеткен тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қоры осы немесе басқа кез келген жинақтаушы зейнетақы қорының агрессивті инвестициялық портфеліне кейіннен аудармайтындай етіп қалыпты немесе консервативтік инвестициялық портфельге аударды.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

6-тармақ 2015.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі.

6. Инвестициялық портфельді таңдағаны туралы жинақтаушы зейнетақы қорына өтініш жасамаған салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қоры қалыпты инвестициялық портфельге аударды.

Ескертуі. Заң 34-1-бапмен толықтырылды - ҚР 2012.01.01 ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

35-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдарын, өкілдіктерін құру, жабу

1. Жинақтаушы зейнетақы қоры қордың басқару органының шешімі негізінде уәкілетті органның келісімінсіз Қазақстан Республикасының аумағында өзінің оқшауланған бөлімшелерін - филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

2. Жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің филиалының және өкілдігінің әділет органдарында есептік тіркелген күнінен бастап отыз жұмыс күні ішінде:

- 1) филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтаманы;
- 2) тіркеген әділет органының белгісі және мөрі қойылған филиал немесе өкілдік туралы ереженің нотариат куәландырған көшірмесін;
- 3) филиалдың немесе өкілдіктің бірінші басшысына берілген сенімхаттың нотариат куәландырған көшірмесін қоса тіркей отырып, олардың ашылғаны жөнінде уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорының филиалы - жинақтаушы зейнетақы

қорының заңды тұлға болып табылмайтын, жинақтаушы зейнетақы қоры орналасқан жерден тыс орналасқан, жинақтаушы зейнетақы қорының атынан қызметін жүзеге асыратын және жинақтаушы зейнетақы қоры берген өкілеттіктер шегінде әрекет ететін оқшауланған бөлімшесі. Жинақтаушы зейнетақы қоры филиалының жинақтаушы зейнетақы қорымен бірыңғай балансы , сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының атауымен толық сәйкес келетін а т а у ы б о л а д ы .

4. Жинақтаушы зейнетақы қорының өкілдігі - жинақтаушы зейнетақы қорының заңды тұлға болып табылмайтын, жинақтаушы зейнетақы қоры орналасқан жерден тыс орналасқан, жинақтаушы зейнетақы қорының атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін және зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асырмайтын оқшауланған б ө л і м ш е с і .

5. Қазақстан Республикасының резиденті емес жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдары мен өкілдіктерін Қазақстан Республикасында ашуға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

6. Жинақтаушы зейнетақы қорының филиалдарын ашудың міндетті шарттары :

1) соңғы аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының залал шекпеген қызметі;

2) жинақтаушы зейнетақы қорының филиалды ашу туралы шешім қабылдау алдындағы үш ай ішінде меншікті капиталының жеткіліктілігі мен зейнетақы активтерінің табыстылығы бойынша пруденциялық нормативтерді сақтауы;

3) филиалды әділет органдарында есептік тіркеген күннің алдындағы үш ай ішінде жинақтаушы зейнетақы қорына уәкілетті органның санкцияларды қ о л д а н б а у ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

7. Жинақтаушы зейнетақы қорының соңғы аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша залал шекпеген қызметі жағдайында жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының аумағында өкілдіктер ашуға қ ұ қ ы л ы .

8. Филиал, өкілдік туралы ережеге әділет органдарында есептік қайта тіркеуді талап ететін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде жинақтаушы зейнетақы қоры әділет органдарында есептік қайта тіркелген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға:

1) филиал, өкілдік туралы ережеге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін;

2) филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркеу туралы анықтаманы ұсынуға м і н д е т т і .

Филиал, өкілдік туралы ережеге әділет органдарында есептік қайта тіркеуді талап етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде жинақтаушы зейнетақы қоры әділет органының жинақтаушы зейнетақы қорының хатын қабылдап алғандығы туралы белгісі соғылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жинақтаушы зейнетақы қорының көрсетілген хатының көшірмесін, филиал, өкілдік туралы ережеге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.

9. Жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің филиалын немесе өкілдігін әділет органдарында есептік тіркеуден шығарған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры филиалының немесе өкілдігінің есептік тіркеуден шығарылғанын растайтын әділет органы құжатының нотариат куәландырған көшірмесін қоса тіркей отырып, олардың қызметінің тоқтатылғаны туралы уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге тиіс.

10. Жинақтаушы зейнетақы қоры осы баптың 2, 6-8-тармақтарының талаптарын орындамаған жағдайда, уәкілетті орган филиалды және өкілдікті ж а б у д ы т а л а п е т е д і .

Ескерту. 35-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.12.23 N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

36-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары мен акционерлері

1. Қазақстан Республикасының резиденттері-жеке тұлғалар, заңды тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары және (немесе) акционерлері б о л а а л а д ы .

Мемлекет Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе уәкілетті орган арқылы ғана құрылтайшы және (немесе) акционер бола алады.

Ұлттық басқарушы холдинг Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде ғана жинақтаушы зейнетақы қорының акционері бола алады.

1-1. Рейтингік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең төменгі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлға жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшысы және (немесе) акционері бола алады. Рейтингік агенттіктердің тізбесін және талап етілетін ең төменгі рейтинг уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

Осы абзац 2010.01.01 қолданысқа енгізіледі.

Тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленетін,

оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының резиденттері - жинақтаушы зейнетақы қорларының дауыс беретін акцияларын тікелей немесе жанама иеленуге және (немесе) пайдалануға және (немесе) оларға билік етуге құқылы емес.

1-2. Жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасының резиденті еместерге (сенімгерлік басқаруға берілген), сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қазақстан Республикасының резиденті еместерге тиесілі (сенімгерлік басқаруға берілген) ұйымдарға тиесілі дауыс беретін акцияларының жиынтық саны осы жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауға тиіс.

1-3. Дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесіп, жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиынтығында он немесе одан көп пайызын сатып алу ниеті бар тұлға бұл туралы хабарламаны акцияларды болжамды сатып алудың басталу күнінен күнтізбелік он күн бұрын жинақтаушы зейнетақы қорына жіберуге міндетті.

Х а б а р л а м а д а :

1) жинақтаушы зейнетақы қорының сатып алынатын акцияларының саны;

2) болжамды сатып алу бағасы;

3) дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесіп, жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын сатып алу ниеті бар тұлғамен жинақтаушы зейнетақы қоры байланыса алатын осы тұлғаның байланыс деректері (электрондық пошта мекенжайы не телефон немесе телефакс нөмірі);

4) жеке тұлға үшін:

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері;

тұрғылықты жері;

5) заңды тұлға үшін:

атауы;

заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) нөмірі мен күні;

тұрғылықты жері туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

1-4. **алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

1-5. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын акционер (Қазақстан Республикасының резидент банкі болып табылатын акционерді қоспағанда), егер оның өз акционерлерінің (қатысушыларының) тіркелген елі туралы ақпарат жинақтаушы зейнетақы қорында жоқ болса, өтінішті табыс етеді, онда осындай акционерлердің (қатысушылардың) осы баптың 1-1-тармағы екінші бөлігінің талаптарын орындағаны туралы көрсетеді.

Аталған өтінішті табыс етпеген акционер акционерлердің жалпы жиналысына қ а т ы с у ғ а ж і б е р і л м е й д і .

Өтініште көрсетілген ақпараттың дәйексіздігі анықталған не осы баптың 1-1-тармағы екінші бөлігі талаптарының бұзылғаны анықталған кезде:

1) егер шешім үшін дауыс беретін акциялардың көпшілігі (өтінішті табыс еткен акционердің дауыс беретін акцияларын есепке алмағанда) дауыс берсе, онда акционерлердің жалпы отырысының шешімі осы акционердің дауысы есепке алынбай қабылданды деп есептеледі;

2) егер өтінішті табыс еткен акционердің дауысы шешуші болса, аталған мән-жай уәкілетті органның не өзге де мүдделі тұлғалардың талабы бойынша акционерлердің жалпы отырысының шешімін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп тану үшін негіз болады.

2. **Алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524 Заңымен (2014.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі).**

3. Мемлекеттік кәсіпорын жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшысы немесе акционері бола алмайды.

4. **Алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

5. Жинақтаушы зейнетақы қоры басқа жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшысы немесе акционері бола алмайды.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2008.10.23 N 72 -IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

36-1-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы

1. Бірде-бір тұлға дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иелене, пайдалана және (немесе) оған билік ете алмайды, сондай-ақ уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмастан жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп пайызына қатысты қабылдайтын шешімдерін бақылай

алмайды немесе оларға ықпал ету мүмкіндігі болмайды. Бұл талап мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларға қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының резиденті емес-заңды тұлғалар рейтингтік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең төмен рейтингі болған кезде жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алуы мүмкін. Талап етілетін ең төменгі рейтинг және рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызын жанама иеленуді немесе жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп пайызын тікелей иеленетін, немесе талап етілетін ең төменгі рейтингі бар жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның он немесе одан көп пайызымен дауыс беру мүмкіндігі бар, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғаның акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иелену (дауыс беру) арқылы жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызымен жанама дауыс беруді көздейтін Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлға үшін көрсетілген рейтингтің болуы талап етілмейді.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған (артықшылықты немесе сатып алынған акциялары шегеріле отырып) немесе дауыс беретін акцияларының жиынтығында он немесе одан көп пайызы тиесілі және мынадай:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы сотқа талап-арызбен жүгіну;

2) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу;

3) директорлар кеңесінің отырысын шақыру;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның аудитін өз есебінен жүргізуі мәселелері бойынша олардың шешім қабылдауын көздейтін, өздерінің арасында жасалған келісімнің негізінде әрекет ететін акционерлер жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы болып табылмайды.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, келісімді кері қайтарып алу қағидаларын, көрсетілген келісімді алу үшін табыс етілетін құжаттарға қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындайды.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы болғысы келетін тұлға келісім алу үшін уәкілетті органға осы баптың 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтарында айқындалған құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иелену туралы өтінішті ұсынуға міндетті.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушылары - жеке тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын өздерінің меншік құқығына тиесілі мүліктің құнынан аспайтын мөлшерде төлейді. Бұл ретте мүліктің құны жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның бұрын сатып алған және сатып алатын акцияларының жиынтық құнынан кем болмауға тиіс.

6. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін жеке тұлға мынадай құжаттарды:

1) растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, акцияларды сатып алу үшін пайдаланылатын қаражат көздері мен қаражаттың сипаттамасын қоса алғанда, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын, оның ішінде бұрын сатып алынған акцияларын сатып алу шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді ұсынады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алу үшін пайдаланылатын қаражат көзі: кәсіпкерлік, еңбек немесе басқа да ақы төленетін қызметтен түскен кірістер;

өтініш берушінің құжаттамамен расталған жинақ ақшасы болып табылады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алу үшін сыйға тарту, ұтыс, өтеусіз алынған мүлікті сатудан түскен кіріс түрінде алынған, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның сатып алынатын акциялары құнының жиырма бес пайызынан аспайтын мөлшердегі ақша осы тармақшаның екінші бөлігінде көрсетілген қаражат көздеріне қосымша п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

Өтініш беруші жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сыйға тарту түрінде алынған мүлік есебінен сатып алған кезде сыйға тартушы туралы және аталған мүліктің сыйға тартушыда пайда болу көздері туралы мәліметтерді;

2) өтініш берушінің мүддесін білдіру тапсырылған өтініш берушінің өкіліне (ол болғанда) берілген сенімхатты;

3) өзі ірі қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың тізімін және олардың құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайының нашарлауы ықтимал болғанда, осы қорды немесе ұйымды қайта капиталдандыру ж о с п а р ы н ;

5) растайтын құжаттарды қоса бере отырып, мінсіз іскерлік беделі туралы мә л і м е т т е р д і ;

б) табыстары мен мүлкі туралы мәліметтерді, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысанға сәйкес өтініш берушінің барлық міндеттемелері бойынша орын алған берешегі туралы ақпаратты;

7) білімі туралы, еңбек қызметі туралы мәліметтерді қоса алғанда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысан бойынша өтініш беруші туралы қысқаша деректерді ұсынады.

Қазақстан Республикасының резиденті емес-жеке тұлға зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) – 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттардан басқа Қазақстан Республикасының резиденті емес-жеке тұлға тұратын елдің тиісті мемлекеттік органының осы елдің заңнамасында Қазақстан Республикасының резиденті-зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алуға рұқсат етілгені туралы жазбаша растауын не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының осындай рұқсат аталған құрылтайшы мемлекетінің заңнамасы бойынша талап етілмейтіні жөніндегі өтінішті ұсынады.

7. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлға мынадай құжаттарды:

1) өтініш берушінің органының жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алу туралы шешімінің көшірмесін, сондай-ақ өтініш берушінің үлестес тұлғаларының тізімін;

2) заңды тұлға акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызын иеленетін, сондай-ақ шарттың күшіне қарай осы заңды тұлғаның шешімдерін айқындауға не өзгеше түрде бақылауға (дербес немесе басқа тұлғалармен бірге) мүмкіндігі бар тұлғалар туралы мәліметтер мен растайтын құжаттарды;

3) осы баптың 6-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

4) оның басшы қызметкерлерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтерді;

5) құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін, өтініш берушінің ірі қатысушылары туралы, сондай-ақ өтініш берушінің ірі қатысушыларының ірі қатысушылары туралы қысқаша деректерді;

6) білімі, еңбек қызметі туралы мәліметтерді қоса алғанда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген нысан бойынша өтініш берушінің басшы қызметкерлері жөніндегі қысқаша деректерді;

7) аяқталған соңғы екі қаржы жылының аудиторлық ұйым куәландырған жылдық қаржылық есептілігін, сондай-ақ тиісті өтінішті табыс ету алдындағы аяқталған соңғы тоқсанның қаржылық есептілігін;

8) ірі қатысушы мәртебесін иеленгеннен кейін өтініш берушінің және жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның болжамды есеп айырысу балансын қоса алғанда, осындай мәртебені иеленудің қаржылық салдарының талдауын, іс-шаралар жоспарын және ұйымдық құрылымды қоса алғанда, егер бар болса, өтініш берушінің жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның активтерін сату, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қызметін қайта ұйымдастыру немесе оны басқаруға айтарлықтай өзгерістер енгізу жөніндегі жоспарлары мен ұсыныстарын табыс етеді.

8. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резиденті

емес-заңды тұлға мынадай құжаттарды:

1) осы баптың 6-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында және 7-тармағының 1), 3), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

2) осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тізбесін уәкілетті орган белгілейтін, халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірі берген заңды тұлғаның кредиттік рейтингі туралы мәліметтерді;

3) Қазақстан Республикасының резиденті емес жеке тұлғаның жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының жазбаша рұқсатын (келісімін) не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының көрсетілген мемлекеттің заңнамасы бойынша мұндай рұқсат (келісім) талап етілмейтіндігі туралы мәлімдемесін ұсынады.

9. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымы мынадай құжаттарды:

1) осы баптың 8-тармағында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

2) өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының өтініш берушінің осы елдің заңнамасының шеңберінде қаржы қызметін жүзеге асыруға уәкілетті екендігі туралы жазбаша растауын не өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының заңнамасы бойынша мұндай рұқсаттың талап етілмейтіні туралы мәлімдемесін ұсынады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес пайызын немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан көп пайызын сатып алуға ниеттенетін, өзі орналасқан елде шоғырландырылған қадағалауға жататын Қазақстан Республикасының резиденті емес-қаржы ұйымы осы тармақта белгіленген құжаттардан басқа өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының Қазақстан Республикасының резиденті емес-қаржы ұйымының шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауын ұсынады.

10. Орналастырылған акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) иелену үлесімен жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін

инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге тілек білдірген тұлғалар осы бапта көрсетілген құжаттар мен мәліметтерге қосымша, қойылатын талаптарын уәкілетті орган белгілейтін таяудағы бес жылға арналған бизнес-жоспарды ұсынады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның директорлар кеңесі жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес немесе одан көп пайызын иелену үлесімен ірі жинақтаушы ұсынған бизнес-жоспарды осы бапта белгіленген тиісті мәртебені иелену шеңберінде қ а р а й д ы .

Жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның директорлар кеңесінің жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының бизнес-жоспарын қарау нәтижелері туралы жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының бизнес жоспарын жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның даму стратегиясына (даму жоспарына) енгізу не енгізбеу туралы тиісті шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға х а б а р л а й д ы .

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның директорлар кеңесі жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның даму стратегиясының (даму жоспарының) с а қ т а л у ы н қ а м т а м а с ы з е т е д і .

11. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) жиынтығында он немесе одан көп пайызын иеленетін немесе жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым акцияларының он немесе одан көп пайызымен тікелей немесе жанама дауыс беруге мүмкіндігі бар және:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның шешімдеріне өздерінің арасындағы шарттың күшіне қарай не өзгеше түрде бірлесіп ықпал ететін;

2) жеке алғанда немесе өзара бір-бірінің ірі қатысушылары болып табылатын;
3) олардың бірі лауазымды тұлға немесе басқа тұлғаның өкілі болып табылатын;

4) олардың бірі өздерінің арасында жасалған шартқа сәйкес екінші тұлғаға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алу мүмкіндігін берген;

5) жақын туыстар немесе ерлі-зайыптылар болып табылатын;

6) олардың бірі басқа тұлғаға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын өздеріне сыйға тартылған ақша немесе өтеусіз алынған мүлік есебінен сатып алу мүмкіндігін берген тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның бірлескен ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалар деп танылады.

Жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес банк конгломератына кірген жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес шоғырландырылған қадағалауға жатады.

12. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иелену үшін осы баптың талаптарына сәйкес берілген өтініш бойынша шешімді құжаттардың толық топтамасы табыс етілген күннен бастап үш ай ішінде қабылдауға тиіс.

Уәкілетті орган өтініш берушіні өз шешімінің нәтижесі туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Бұл ретте тиісті мәртебені иеленуге келісім беруден бас тартылған жағдайда, жазбаша хабарламада бас тартудың негіздері көрсетіледі.

13. Келісім беруге негіз болған анық емес мәліметтер анықталған немесе өтініш беруші ірі қатысушы мәртебесін иелену салдарынан Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптарын бұзған немесе ірі қатысушылар осы Заңның талаптарын сақтамаған жағдайда уәкілетті орган келісімді қайтарып алуға негіз болып табылатын факті анықталған күннен бастап екі ай ішінде осы бапқа сәйкес берілген келісімнің күшін жою туралы шешім қабылдай отырып, оны қайтарып алуға құқылы. Бұл жағдайда осындай шара қолданылатын тұлға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның өзіне тиесілі акцияларының санын алты ай ішінде осы бапта белгіленгеннен төмен деңгейге дейін азайтуға міндетті.

Осы бапқа сәйкес берілген келісімі кері қайтарып алынған тұлға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын үшінші тұлғаға сенімгерлік басқаруға беруге құқылы емес.

Уәкілетті орган тиісті келісімді кері қайтарып алу жөнінде өздеріне қатысты шешім қабылдаған тұлғалар осы тармақтың талаптарын орындамаған жағдайда, уәкілетті орган осы тұлғалардың уәкілетті органның талаптарын орындауы үшін сотқа жүгінуге құқылы.

14. Егер тұлға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілеріне уәкілетті органның жазбаша келісімін алдын ала алмастан сәйкес келген болса, ол осы баптың ережелеріне сәйкес уәкілетті органның жазбаша келісімін алғанға дейін жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшылығына немесе саясатына ықпал етуге бағытталған қандай да бір іс-әрекетті қолдануға және (немесе) осы акциялар бойынша дауыс беруге құқылы емес.

Көрсетілген жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгісіне сәйкес келетін тұлға өзінің жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетіні оған белгілі болған кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органды бұл туралы хабардар етуге міндетті.

Тиісті мәртебені иелену туралы өтініш жинақтаушы зейнетақы қорына немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгісіне өзінің сәйкес келетіні оған белгілі болған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, егер бұл тұлға көрсетілген мерзімде акцияларды иеліктен шығарғысы келмесе, уәкілетті органға ұсынылады. Акцияларды иеліктен шығару жөнінде шешім қабылданғаны туралы ақпарат осындай шешім қабылданған күннен бастап дереу уәкілетті органға беріледі.

15. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілеріне осы тұлғаның сәйкес келетінін көрсететін мәліметтер болған кезде, уәкілетті орган жеке және заңды тұлғалардан ақпаратты ұсынуды талап етуге құқылы. Ақпарат оны иеленетін кез келген тұлғадан, сондай-ақ осы тұлғалардың бақылауында болатын ұйымдардан талап етілуі мүмкін.

16. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде растайтын құжаттарды

табыс ете отырып, өзіне тиесілі акциялар санының жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ол тікелей немесе жанама иеленетін немесе тікелей немесе жанама дауыс беру мүмкіндігі бар орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) санына пайыздық арақатынасының өзгергені туралы уәкілетті органды хабардар етуге м і н д е т т і .

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына тиесілі, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларының саны (пайыздық немесе абсолюттік мәнде) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) санына ұлғаю жағына қарай өзгерген жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы уәкілетті органға растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алу үшін пайдаланылатын қаражат көздері туралы ақпаратты ұсынуға тиіс. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушылары – жеке тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алу үшін пайдаланатын қаражат көздері осы баптың 6-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында айқындалған.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акциялары санының жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) санына пайыздық арақатынасы жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына тиесілі он пайыздан кем болатындай санға дейін өзгерген жағдайда уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының өтініші бойынша не көрсетілген фактіні өз бетінше анықтаған жағдайда осы факті анықталған күннен бастап екі ай ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды

жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру үшін көзделген тәртіппен бұрын берілген жазбаша келісімнің күшін жою туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

17. Жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның орналастырылған (артықшылықты және сатып алынған акциялары шегеріле отырып) акцияларының санына жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларына тиесілі акциялары санының пайыздық арақатынасын көрсете отырып, өзінің барлық ірі қатысушыларының тізімін есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей уәкілетті органға тоқсан сайын табыс етіп отыруға міндетті.

18. Жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым уәкілетті органды жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызын иеленетін акционерлер құрамының өзгергені туралы өздері осы фактіні анықтаған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде хабардар е т у г е м і н д е т т і .

19. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларының, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалардың осы баптың 14–18-тармақтарына сәйкес талап етілетін ақпаратты көрсетілген мерзімде уақтылы бермеуі, бермеуі немесе дәйексіз мәліметтерді беруі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп с о ғ а д ы .

Ескерту. 36-1-баппен толықтырылды - ҚР 2005.12.23 N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.10.23 N 72-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

36-2-бап. Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның

**ірі қатысушысы болғысы келетін тұлғаларға
келісім беруден бас тарту негіздері**

1. Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы болғысы келетін тұлғаларға келісім беруден бас тартуына:

1) осы Заңның 40-бабының 2-тармағы 3)-5) тармақшаларының талаптарын сақтамау (жеке тұлғаға немесе өтініш беруші заңды тұлғаның басшы қызметкерлеріне қатысты);

2) өтініш берушінің қаржылық жағдайының тұрақсыздығы;

3) осы Заңның 36-1-бабында көрсетілген құжаттарды табыс етпеу;

4) өтініш берушінің жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасы талаптарының бұзылуы;

5) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иелену жөніндегі мәміледе тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлға (оның ірі қатысушысы (ірі акционер) иеленуші тарап болып табылатын жағдайлар;

6) өтініш берушінің осы Заңда белгіленген, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларына қойылатын өзге де талаптарды сақтамауы;

7) өтініш беруші - қаржылық ұйым өзі орналасқан елде шоғырландырылған негізде қадағалауға жатпайтын жағдайлар;

8) өтініш берушінің жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына жасалған талдаудың жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайының нашарлайтынын болжауы ;

9) өтініш беруші - Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржылық ұйымда шыққан елі заңнамасының шеңберінде қаржы қызметін жүзеге асыру өкілеттігінің болмауы ;

10) өтініш беруші - Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғада осы Заңның 36-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тізбесін уәкілетті орган айқындайтын халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі қажетті рейтингінің болмауы;

11) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жай-күйінің

ықтимал нашарлауы жағдайында жинақтаушы зейнетақы қорының ұсынылған қайта капиталдандыру жоспарының тиімсіздігі;

12) өтініш беруші - жеке тұлғада, өтініш беруші - заңды тұлғаның басшы қызметкерлерінде мінсіз іскерлік беделдің болмауы;

13) уәкілетті орган қаржы ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде тұлға бұрын ірі қатысушы-жеке тұлға не қаржы ұйымының ірі қатысушы-заңды тұлғасының бірінші басшысы және (немесе) қаржы ұйымының басшы қызметкері болып табылған не табылатын жағдайлар негіз болып табылады. Аталған талап уәкілетті орган қаржы ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін бес жыл бойы қолданылады.

2. Мына жағдайлардың бірінің болуы:

1) өтініш беруші - заңды тұлғаның өтініш берген күнге дейін екі жылға жетпейтін уақытта құрылуы;

2) өтініш берушінің міндеттемелері басқа заңды тұлғалардың акцияларына және жарғылық капиталдарына қатысу үлестеріне орналастырылған және жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сатып алуға көзделген активтер сомасын шегергенде, өзінің активтерінен асып кетуі;

3) аяқталған соңғы екі қаржы жылының нәтижелері бойынша залал шегуі;

4) өтініш беруші міндеттемелерінің мөлшері жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайына айтарлықтай қауіп төндіруі;

5) өтініш берушінің жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның алдында мерзімі өткен және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның балансына жатқызылған берешегінің болуы;

6) өтініш берушінің жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарына жасалған талдаудың өтініш берушінің қаржылық жағдайының нашарлайтынын болжауы;

7) жинақтаушы зейнетақы қорына немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның және (немесе)

жинақтаушы зейнетақы қорының салымшыларына (алушыларына) нұқсан келтіру мүмкіндігін куәландыратын өзге де негіздер өтініш берушінің қаржылық жағдайы тұрақсыздығының белгісі болып табылады.

3. Тұлға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілерін уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз иеленген кезде, уәкілетті орган алты айдан аспайтын мерзімде осы тұлғаға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сату бойынша талаптар бөлігінде осы Заңның 42-7-бабында көзделген мәжбүрлеу шараларын қолданады.

Ескерту. 36-2-баппен толықтырылды - ҚР 2005.12.23 N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.10.23 N 72-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

37-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларын мемлекеттік тіркеу

Жинақтаушы зейнетақы қорларын мемлекеттік тіркеуді әділет органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты болған кезде жүзеге асырады.

Рұқсат берудің шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Құрылтай құжаттарына енгізілетін, әділет органдарында қайта тіркеуді талап ететін өзгерістер және (немесе) толықтырулар мемлекеттік қайта тіркелгеннен кейін жинақтаушы зейнетақы қоры қайта тіркелген күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органға тіркеген әділет органының белгісі және мөрі бар, құрылтай құжаттарына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.

Құрылтай құжаттарына мемлекеттік қайта тіркеуді талап етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қоры әділет органының зейнетақы қорының хатын қабылдап алғандығы туралы белгісі соғылған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органға жинақтаушы зейнетақы қорының осы хатының көшірмесін, сондай-ақ құрылтай құжаттарына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.

Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап

күшіне енеді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

38-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының атауы

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының атауында "жинақтаушы зейнетақы қоры" деген сөздер болуға тиіс.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорларының өз атауында "ұлттық", "орталық", "үкіметтік", "кепілдік беретін", "кепілдік берілген", "сақтық", "сақтандырушы" немесе "сақтандырылған" деген сөздерді қандай тілде болса да толық және қысқартылған түрінде пайдалануына тыйым салынады. Жарғылық капиталдың жүз проценті Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі болған жағдайда ғана жинақтаушы зейнетақы қорының атауында "мемлекеттік" деген сөз қолданыла алады. Атауда салымшының (алушының) пайдасына жасалатын инвестициялардан алынатын кіріс ставкасының сақтандырылуы немесе оған кепілдік берілуі айтылуға немесе меңзелуге тиіс емес.

3. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ ешбір заңды тұлға жинақтаушы зейнетақы қоры болып атала алмайды және (немесе) өзін зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметпен айналысушы ретінде сипаттай алмайды.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

39-бап. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау

Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган лицензиялайды.

Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы шешім уәкілетті органның мерзімді баспасөз басылымында мемлекеттік тілде және орыс тілінде жарияланады.

Ескерту. 39-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді), 2005.12.23 N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

40-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар

1. Жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті түрде ішкі аудит қызметін құрады және мынадай алқалы органдарды:

- 1) директорлар кеңесін – басқарушы органды;
- 2) басқарманы – атқарушы органды қалыптастырады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының оқшауланған бөлімшесінің бірінші басшысы мен бас бухгалтерін қоспағанда, директорлар кеңесінің бірінші басшысы мен мүшелері, басқарманың бірінші басшысы мен мүшелері, бас бухгалтер, жинақтаушы зейнетақы қорының бір немесе бірнеше құрылымдық бөлімшесінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген есептіліктің әртүрлі нысандарын қоса алғанда, уәкілетті органға ұсынылатын ақпаратқа, сондай-ақ кастодиандық шартқа сәйкес зейнетақы активтері бойынша ай сайынғы салыстыру жүргізілгенін растайтын құжаттарға қол қою құқығы бар жинақтаушы зейнетақы қорының өзге де басшылары жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлері деп танылады.

1-1. Жинақтаушы зейнетақы қоры қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік жүз жиырма күн ішінде уәкілетті органға қаржы жылы ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының барлық басшы қызметкерлеріне жинақтаушы зейнетақы қоры төлеген табыстар туралы мәліметтерді қамтитын есептілікті уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысанда ұсынуға міндетті.

Жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақы есептеу, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлері бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі саясатына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

1-2. Жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесі және (немесе) басқармасы мүшелерінің осы жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкері лауазымын атқаруына болмайды.

2. Мыналар:

- 1) жоғары білімі жоқ;
- 2) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарында осы бапта белгіленген жұмыс стажы және (немесе) қаржылық қызмет және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу бойынша қызмет көрсету және (немесе) оны реттеу саласында жұмыс стажы жоқ;

3) мінсіз іскерлік беделі жоқ;

4) уәкілетті органның қаржы ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешімі қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымының директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқармасының бірінші басшысы және оның орынбасары, бас бухгалтері , ірі қатысушысы-жеке тұлғасы, ірі қатысушысы-заңды тұлғаның бірінші басшысы болып табылған тұлға жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Аталған талап уәкілетті органның қаржы ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешімі қабылданғаннан кейін бес жыл бойы қ о л д а н ы л а д ы ;

5) өзге қаржы ұйымында басшы қызметкер лауазымында болған кезеңінде оны басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісім кері қайтарып алынған адам жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Аталған талап уәкілетті органның басшы қызметкерді лауазымға тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып алу туралы шешімі қабылдағаннан кейін қатарынан соңғы он екі ай бойы қ о л д а н ы л а д ы .

3. Жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы жинақтаушы зейнетақы қоры басқармасының бірінші басшысы лауазымына тағайындала (сайлана) а л м а й д ы .

Басқарма мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс.

4. Осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген талапқа сәйкес к е л у ү ш і н :

1) жинақтаушы зейнетақы қорының басқармасының бірінші басшысы, бас бухгалтері лауазымдарына кандидаттар үшін кемінде үш жыл;

2) жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарма мүшелері лауазымдарына кандидаттар үшін кемінде екі жыл жұмыс с т а ж ы б о л у ы қ а ж е т .

Директорлар кеңесі мүшелері, сондай-ақ тек қана жинақтаушы зейнетақы қоры қауіпсіздігі мәселелеріне, әкімшілік-шаруашылық мәселелеріне жетекшілік ететін басқарма мүшелері лауазымдарына кандидаттар үшін осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген жұмыс стажының болуы талап е т і л м е й д і .

Осы тармақта айқындалған жұмыс стажына қаржы ұйымы бөлімшелеріндегі шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты жұмыс кірмейді.

5. Басшы қызметкер тағайындалған (сайланған) күннен бастап өз қызметін уәкілетті органның келісімін алғанша күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзім

Осы тармақта көрсетілген мерзім өткеннен кейін және құжаттардың толық пакеті уәкілетті органға келісуге табыс етілмеген жағдайда не уәкілетті орган келісуден бас тартқан жағдайда жинақтаушы зейнетақы қоры бұл адаммен еңбек шартын бұзуға не еңбек шарты болмаған жағдайда осы басшы қызметкердің өкілеттігін тоқтату жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.

Уәкілетті органның келісімінсіз жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерінің міндетін осы тармақта белгіленген мерзімнен артық атқаруға (уақытша жоқ болғанда оны ауыстыруға) тыйым салынады.

Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру үшін табыс етілген құжаттарды олар табыс етілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

6. Жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісім беру тәртібі, келісім алуға қажетті құжаттар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде б е л г і л е н е д і .

7. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартқан не ол жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері лауазымынан босатылған немесе оны осы жинақтаушы зейнетақы қорындағы өзге лауазымға ауыстырған жағдайда, аталған адам оны тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартылғаннан не ол лауазымнан босатылғаннан не басқа лауазымға ауыстырылғаннан кейін кемінде күнтізбелік тоқсан күн өткен соң, бірақ қатарынан он екі ай ішінде екі реттен артық емес, осы жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері лауазымына қайтадан тағайындалуы (сайлануы) мүмкін.

8. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін лауазымға тағайындауға (сайлауға) келісім беруден қатарынан екі рет бас тартқан жағдайда, аталған адам өзін уәкілетті органның осы жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім беруден екінші рет бас тарту туралы шешімі қабылданған күннен бастап қатарынан он екі ай өткеннен кейін жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері лауазымына қайтадан тағайындалуы (сайлануы) мүмкін.

9. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін лауазымға тағайындауға (сайлауға) берген келісімін:

- 1) келісім беруге негіз болған дұрыс емес мәліметтер анықталған;
 - 2) басшы қызметкерге және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорына уәкілетті органның санкцияларды жүйелі түрде (қатарынан соңғы он екі ай ішінде үш не одан да көп рет) қолдану;
- 2-1) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және

терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды жинақтаушы зейнетақы қорының жүйелі түрде (қатарынан соңғы он екі ай ішінде үш және одан да көп р е т) б ұ з у ы ;

3) уәкілетті орган осы бапта көрсетілген тұлғаларды жинақтаушы зейнетақы қорының аталған басшы қызметкерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекеттерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді деп тану үшін жеткілікті деректердің негізінде қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету ;

4) алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы негіздері бойынша кері қ а й т а р ы п а л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) берілген келісімді уәкілетті органның кері қайтарып алуы өзге қаржы ұйымдарында осы басшы қызметкерге бұрын берілген келісімді (келісімдерді) кері қайтарып алу үшін негіз болып табылады.

Уәкілетті орган басшы қызметкерді лауазымға тағайындауға (сайлауға) берген келісін кері қайтарып алған жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қоры осы адаммен еңбек шартын бұзуға не еңбек шарты болмаған жағдайда осы басшы қызметкердің өкілеттігін тоқтату жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.

10. Уәкілетті орган осы Заңда белгіленген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорына консервация жүргізу туралы шешім қабылдаған жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қоры директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы және оның орынбасарлары, бас бухгалтер болып табылатын басшы қызметкерлермен еңбек шартын бұзуға не еңбек шарты болмаған жағдайда осы басшы қызметкердің өкілеттігін тоқтату жөніндегі шараларды қолдануға міндетті .

Ескерту. 40-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.12.23 N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.05.15 N 253, 2008.10.23 N 72-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.08.28 N 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі) 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

40-1-бап. Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесі

Жинақтаушы зейнетақы қорлары немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін құрады, ол:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін

инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның директорлар кеңесінің, басқармасының, бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі өкілеттіктері мен функционалдық міндеттерін, олардың жауапкершілігін;

2) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі ішкі саясатты және рәсімдерді;

3) тәуекелдердің жол берілетін мөлшеріне арналған лимиттерді;

4) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі есептілікті жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның органдарына ұсынудың ішкі рәсімдерін;

5) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалаудың ішкі критерийлерін қамтуға тиіс.

Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастырудың тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Ескерту. 40-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

41-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының құқықтары, міндеттері және қызметін жүзеге асыру

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының:

1) зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға;

2) өзінің қызметі үшін комиссиялық сыйақылар алуға;

3) уәкілетті орган берген лицензиялар негізінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті және бағалы қағаздар нарығында номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті дербес жүзеге асыруға;

4) зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен салымшының жазбаша өтініші бойынша сотта оның мүдделерін білдіруге;

5) өз мұқтажы үшін сатып алынған мүлікті жалға беруге;

6) зейнетақы шартының талаптарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорлары:

1) алушыларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен зейнетақы төлеуге;

2) жинақталған зейнетақы қаражаттары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асыруға;

3) салымшыға және ақпарат алушыға жылына кемінде бір рет, сондай-ақ оның сұрауы бойынша кез келген сұралатын күнгі оның жинақталған зейнетақы қаражаттарының жай-күйі туралы ақы алмай ақпарат беруге және осы Заңның 50

-бабында көзделген қағидаларды ескере отырып, оның жинақталған зейнетақы қаражаттары туралы ақпаратқа қол жеткізуінің электронды және өзге де тәсілдерін қамтамасыз етуге міндетті.

Жинақтаушы зейнетақы қорының жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпаратты беру тәсілі салымшымен (алушымен) келісім бойынша анықталады.

Ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жеке зейнетақы шотында ақша болмаған немесе салымшы (алушы) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта көрсетілген тұрғылықты мекен-жайының өзгергені туралы жинақтаушы зейнетақы қорына хабарламаған жағдайларда жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыға (алушыға) өткен жылғы жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпарат жіберуді жүзеге асырмайды;

3-1) жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде зейнетақы активтері есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;

3-2) салымшыларға (алушыларға), сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорымен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға ниеттенген тұлғаларға жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызмет көрсетуге;

3-3) рейтингтік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең төменгі рейтингіне ие болуға міндетті. Талап етілетін ең төменгі рейтинг және рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді;

4) алушының жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етуге;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасы мен зейнетақы шартының ережелерін бұзғаны үшін жауап беруге;

6) салымшының (алушының) жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына немесе бір жинақтаушы зейнетақы қорының ішіндегі басқа инвестициялық портфельге, немесе сақтандыру ұйымына осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен аударуға;

6-1) Орталыққа жинақтаушы зейнетақы қорынан аударылуға тиісті жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы туралы мәлімет беруге;

7) жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы болмаған жағдайда

зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға шарттар жасасуға;

8) бұқаралық ақпарат құралдарында уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік пен аудиторлық есепті және уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өзге де есептілік пен өз қызметі туралы ақпаратты жариялауға міндетті. Бұл ретте, жинақтаушы зейнетақы қорларына жарналар бойынша табысқа кепілдік немесе уәде қамтылған ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен жариялауға тыйым салынған өзге де мәліметтерді жариялауға жол берілмейді;

9) жинақтаушы зейнетақы қорымен зейнетақы шартын жасасқан азаматтарға тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

10) а л ы п т а с т а л д ы ;

11) салымшымен міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға;

11-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен электронды құжат айналымын пайдалана отырып, Орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы салымшылармен жасасылған және қолданылуы тоқтатылған шарттар туралы мәлімет ұсынуға;

12) салымшымен ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға;

13) зейнетақымен қамсыздандыру туралы әрбір жеке тұлғамен шарт жасасуды және оны бұзуды, салымшының (алушының) не сенім білдірілген адамның жинақталған зейнетақы қаражатын аударуға өтініштерін олардың тұратын жеріне қарамастан қабылдауды және орындауды қамтамасыз етуге міндетті. Жинақтаушы зейнетақы қорлары әрбір филиалдың осындай қызметтерді көрсетуін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Салымшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында жинақтаушы зейнетақы қорларына:

1) осы баптың 1-тармағында белгіленген қызмет түрлерін қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

2) тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған мүлікті қоспағанда, мүлікті сатып алуды немесе сатуды жүзеге асыруға;

3) үлестес тұлғалардың жарғылық капиталға қатысу үлестерін, параметрлері қор биржасы акциялары нарығы индексі есептеу мақсатында пайдаланылатын қор биржасының тізіміне (қор биржасының өкілдік тізіміне) кіретін акцияларды не осындай акциялар базалық актив болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоспағанда, үлестес тұлғалар шығарған акцияларды не осындай акциялар базалық актив болып табылатын депозитарлық қолхаттарды жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы және (немесе) меншікті активтері

есепінен сатып алуға;

4) зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген мақсаттарға пайдалануға;

5) жинақтаушы зейнетақы қорының қызметкерлеріне айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын сомада көрсетілетін қаржы көмегін қоспағанда, жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері есебінен өтеусіз негізде қаржы көмегін көрсетуге;

6) сақтандыру қызметімен айналысуға;

7) зейнетақы және (немесе) меншікті активтерді кепілге беруге;

8) акциялардан басқа, бағалы қағаздарды шығаруға;

9) жинақтаушы зейнетақы қорының мақсаттары үшін банктерден күнтізбелік тоқсан күннен асатын мерзімге, меншікті капиталдың мөлшерінен асатын мөлшерде қарыз қаражатын тартуға;

10) қарыздарды кез келген тәсілмен беруге;

11) кез келген түрдегі кепілдемелер мен кепілдіктерді беруге;

12) жинақтаушы зейнетақы қорымен еңбек шартын жасаспаған тұлғаларды осы баптың 2-тармағының 3-2) тармақшасында көрсетілген міндеттерді орындау үшін тартуға тыйым салынады.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорларының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында сақталуы міндетті пруденциялық нормативтер белгіленеді. Пруденциялық нормативтердің тізбесін, олардың нормативтік мәнін, есеп-қисап әдістемесін, сондай-ақ тиісті есептілік нысандары мен оны табыс ету мерзімдерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым уәкілетті органның жазбаша нұсқамасында көрсетілген қаржылық және (немесе) өзге де есептіліктегі деректерді түзету жөніндегі талаптарды орындамаған кезде, пруденциялық нормативтерді және басқа да міндетті нормалар мен лимиттерді есептеуді уәкілетті орган өзі түзеткен есептілік негізінде жүзеге асырады.

Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген, жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициентін қолдау жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.

Жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайы

нашарлаған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы уәкілетті органның талабы бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайын жақсарту, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның меншікті капиталын ұлғайту бойынша шаралар қолдануға міндетті.

5. Алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Ескерту. 41-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді), 2004.06.11 N 562, 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.12.23 N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.04 N 148 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.12.19 N 9 (2008.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.10.23 N 72-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.11 N 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

41-1-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының еншілес ұйымдары және жинақтаушы зейнетақы қорының басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қомақты қатысуы

Ескерту. 41-1-бап алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

41-2-бап. Ертерек ден қою шаралары

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, олардың қаржылық жағдайының нашарлауын және зейнетақы активтерін басқарумен байланысты тәуекелдердің ұлғаюын болғызбау мақсатында уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін мынадай факторларды:

1) меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентінің төмендеуін;
2) номиналдық кіріс коэффициентінің төмендеуін;
3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін өзге де факторларды анықтау үшін жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіне және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметке талдау жасауды жүзеге асырады.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайын талдау нәтижесінде және (немесе) оларды тексеру қорытындылары бойынша осы баптың 1-тармағында көрсетілген факторлар анықталған жағдайда уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорына, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға және (немесе) олардың акционерлеріне жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық тұрақтылығын арттыру, олардың қаржылық жағдайының нашарлауын және сақтандыру қызметімен байланысты тәуекелдердің ұлғаюын болғызбау жөніндегі ертерек ден қою шаралары көзделетін іс-шаралар жоспарын табыс ету жөнінде жазбаша түрде талап жібереді.

Жинақтаушы зейнетақы қоры, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым және (немесе) олардың акционерлері аталған талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде әрбір тармағы бойынша атқарылу мерзімдері мен жауапты лауазымды адамдарды көрсете отырып, іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және уәкілетті органға табыс етуге міндетті.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдаған кезде жинақтаушы зейнетақы қоры, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым және (немесе) олардың акционерлері оны жоспарда белгіленген мерзімдерде орындаудың нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ете отырып, оны іске асыруға кіріседі.

Іс-шаралар жоспары мақұлданбаған кезде уәкілетті орган талаптар қою арқылы жинақтаушы зейнетақы қорына, зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымға және (немесе) олардың акционерлеріне төменде тізіп көрсетілген ертерек ден қою шараларының біреуін немесе бірнешеуін:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ұйымдық құрылымын және (немесе) штат санын өзгертуді;
2) жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін

инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы және (немесе) өзге де қызметкерлерін лауазымынан шеттетуді;

3) инвестициялық комитеттің құрамын өзгертуді;

4) уәкілетті орган белгілеген мерзімде дивидендтерді есептеп шығаруды және (немесе) төлеуді тоқтатуды;

5) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын басқа ұйымның басқаруына зейнетақы активтерін беруді;

6) жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның меншікті капиталын олардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерге дейін, оның ішінде олардың жарғылық капиталын арттыру жолымен ұлғайтуды;

7) өтімді активтердің үлесін арттыру және (немесе) инвестициялардың тәуекел дәрежесін бәсеңдету мақсатында инвестициялық портфельді қайта құрылымдауды жүргізуді;

8) әкімшілік шығыстарды қысқартуды, оның ішінде қызметкерлерді қосымша жалдауды тоқтату немесе шектеу жолымен қысқартуды қолданады.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық тұрақтылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспарын осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімде табыс етпеген немесе осы жоспардың іс-шараларын уақтылы орындамаған, сондай-ақ ертерек ден қою шараларын уәкілетті органның талабына сәйкес орындамаған немесе уақтылы орындамаған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорына, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға және (немесе) олардың акционерлеріне осы Заңда көзделген шектеулі ықпал ету шаралары және (немесе) санкциялар қолданылады.

4. Ертерек ден қою шараларын қолдану тәртібі және жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Ескерту. 41-2-баппен толықтырылды - ҚР 2008.10.23 N 72-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

41-3-бап. Шындыққа сай келмейтін жарнамаға тыйым салу

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларына жарнама шығарылған күні шындыққа сай келмейтін қызметін жарнамалауға тыйым салынады.

2. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорынан шындыққа сай келмейтін жарнамаға өзгерістер енгізуді, оны тоқтатуды немесе теріске шығарып жариялауды талап етуге құқылы.

Бұл талап уәкілетті орган белгілеген мерзімде орындалмаған жағдайда

уәкілетті орган жарнамада баяндалған мәліметтердің шындыққа сай келмейтіндігі туралы ақпарат жариялауға, не оларды мұндай жарнаманы жариялаған жинақтаушы зейнетақы қорының есебінен нақтылауға құқылы.

3. Мына тұлғаларға :

зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясы жоқ заңды тұлғаларға ;

жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметкерлері болып табылмайтын және жинақтаушы зейнетақы қорлары уәкілеттік бермеген жеке тұлғаларға жинақтаушы зейнетақы қорлары көрсететін қызметтерді жарнама беруші ретінде жарнамалауға тыйым салынады .

4. Зейнетақы активтері туралы ақпаратты жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым тиісті инвестициялық кіріс алынған кезеңді көрсету арқылы ғана ұсынуы мүмкін.

Ескерту. 41-3-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

42-бап. Уәкілетті орган қолданатын ықпал етудің шектеулі шаралары және санкциялар

1. Уәкілетті орган пруденциалдық нормативтердің және басқа да сақталуға міндетті нормалар мен лимиттердің бұзылғандығын, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылғандығын тапқан, жинақтаушы зейнетақы қорының лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттері немесе әрекетсіздіктері анықталған, сондай-ақ уәкілетті органның осы Заңда көзделген өзге де талаптары орындалмаған жағдайларда уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорына ықпал жасаудың мынадай шектеулі шараларының бірін қолдануға :

- 1) орындалуы міндетті жазбаша нұсқама беруге;
- 2) жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерін қызметінен шеттету туралы акционерлер алдында мәселе қоюға;
- 3) міндеттеме-хатты ұсыну туралы талап жіберуге;
- 4) міндетті түрде қол қойылуға тиіс жазбаша келісім жасасуға құқылы.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттеме-хатында Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды мойындау фактісі, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қоры басшыларының оларды қатаң белгіленген мерзімде жою және (немесе) жоспарланған іс-шаралардың тізбесін көрсете отырып, алдағы уақытта Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды болдырмау жөнінде кепілдігі қамтылуға тиіс.

3. Жазбаша келісім - бұл анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою қажеттігі туралы және осы бұзушылықтарды

жою жөнінде бірінші кезектегі шараларды бекіту жөнінде жинақтаушы зейнетақы қоры мен уәкілетті орган арасындағы келісім.

4. Жинақтаушы зейнетақы қоры міндеттеме-хаттың, жазбаша келісімнің немесе жазбаша нұсқаманың осы құжатта көрсетілген мерзімде орындалғандығы жөнінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

5. Ықпал етудің шектеулі шараларын қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

6. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорына оған бұрын қолданған ықпал ету шараларына қарамастан санкция қолдануға құқылы.

7. Уәкілетті орган санкция ретінде мынадай шаралар қолдануға:

1) Осы Заңның 42-1, 42-2, 42-3, 42-4, 42-5 және 42-6-баптарында белгіленген негіздемелер бойынша және тәртіппен консервациялау енгізуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айыппұл салуға және өндіріп алуға;

3) лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға не одан айыруға;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының аталған басшы қызметкерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекеті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтіндігін тану үшін жеткілікті деректердің негізінде, сонымен бір мезгілде жинақтаушы зейнетақы қорының басқарушы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып ала отырып, осы Заңның 40-бабында көрсетілген адамдарды қызметтік міндеттерін орындаудан ш е т т е т у г е қ ұ қ ы л ы .

8. Уәкілетті орган мынадай негіздемелердің кез-келгені бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметке лицензияның қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға қ ұ қ ы л ы :

1) негіздемесі бойынша лицензия берілген ақпараттың дәйексіздігі;

2) лицензия берілген сәттен бастап жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің басталуын бір жылдан астам уақытқа кешіктіруі;

3) жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт бойынша міндеттемелерін жүйелі түрде (күнтізбелік он екі ай ішінде қатарынан үш және одан да көп жағдайларда) орындамауы немесе тиісті д ә р е ж е д е о р ы н д а м а у ы ;

4) уәкілетті орган белгілеген нормативтерді және жинақтаушы зейнетақы қоры орындауға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді жүйелі түрде (күнтізбелік он екі ай ішінде қатарынан үш және одан да көп жағдайларда) бұзуы;

5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақылық қағидаларында және (немесе) инвестициялық декларациясында көзделген ережелерді жүйелі түрде (күнтізбелік

он екі ай ішінде қатарынан үш және одан да көп жағдайларда) бұзуы;

5-1) уәкілетті орган қолданған ықпал етудің шектеулі шараларының талаптарын орындамауы;

5-2) уәкілетті органмен жасалған жазбаша келісімге қол қоюдан бас тартуы;

6) жүргізілген аудит туралы аудиторлық ұйымдардың есебінде көрсетілген бұзушылықтарды жинақтаушы зейнетақы қорының осы Заңның 49-3-бабының 2-тармағында көрсетілген мерзімде жоймауы;

7) есептілік пен мәліметтер бермеу немесе қасақана дәйексіз есептілік пен мәліметтер беру;

8) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды жинақтаушы зейнетақы қорының жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзуы.

9. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыру және бұрын тартылған салымшыларға зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру құқығын сақтай отырып, жаңа салымшыларды тартуға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қызметін жүзеге асыруына тыйым салуға әкеп соғады.

10. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметіне берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы уәкілетті орган қабылдаған шешімді жинақтаушы зейнетақы қоры екі баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде хабарлама жариялау арқылы он күн ішінде салымшылар мен алушыларды хабардар етеді.

11. Жинақтаушы зейнетақы қоры лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұруының себептерін белгіленген мерзімде жоймаса, уәкілетті органның лицензиядан айыруы үшін негіз болып табылады.

12. Өзіне қатысты уәкілетті орган ықпал етудің шектеулі шараларын немесе санкция қолданған жинақтаушы зейнетақы қоры, оның шешіміне сот тәртібімен шағымдануға құқылы. Уәкілетті органның аталған шешімдеріне шағымдану, оның орындалуын тоқтата тұрмайды.

13. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорларының ірі қатысушысы, ірі қатысушылары белгілерін иеленуші тұлғаларға қатысты, егер жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының лауазымды адамдарының немесе қызметкерлерінің бұзушылықтары, заңсыз іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайын нашарлатқанын немесе осы Заңның 34-бабының талаптарын бұзуға алып келгенін анықтаса, осы баптың 1-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында келтірілген шараларды немесе осы баптың 7-тармағының 2) тармақшасында көзделген санкцияны қолдануға

Қ Ұ Қ Ы Л Ы .

14. Алып тасталды - ҚР 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 42-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.10.23 N 72-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.11 N 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.08.28 N 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

42-1-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау ұғымы

1. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау уәкілетті органның шешімі бойынша әкімшілік, заң, қаржылық, ұйымдастыру-техникалық және басқа да іс-шаралар кешенін және жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайын оңалту мен жұмыс сапасын жақсарту мақсатында оған қатысты рәсімдерді мәжбүрлеп жүргізуді білдіреді.

2. Жинақтаушы зейнетақы қоры осы Заңның 42-бабының 8-тармағының 3) - 7) тармақшаларында көрсетілген негіздердің бірі бойынша консервациялауға ұшырауы мүмкін.

3. Консервациялау режимін белгілеу уәкілетті органның шектелген мерзімге (бір жылға дейін) жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі уақытша әкімшілікті немесе жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыны тағайындауды көздейді.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау жинақтаушы зейнетақы қорының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Уәкілетті органның консервациялауды жүргізу туралы шешіміне жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлері сот тәртібімен он күн мерзімде шағымдануы мүмкін. Көрсетілген шешімге шағымдану жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялауды тоқтатпайды.

Ескерту. 42-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

42-2-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы)

1. Уәкілетті орган уақытша әкімшілікті (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыны) оның қызметкерлерінің ішінен не оның қызметкерлері болып табылмайтын, осы Заңның 40-бабының 2-тармағында белгіленген ең

төменгі талаптарға сай келетін адамдар ішінен тағайындайды.

2. Уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) басшысының және оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ еңбекақы төлеу талаптары уәкілетті орган мен уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) арасында жасалатын шартта белгіленеді.

3. Уәкілетті орган уақытша әкімшіліктің мүшелерін (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыны) кез келген сәтте ауыстыруға құқылы.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорына келтірілген залал үшін уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) басшысы мен оның мүшелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады. Уақытша әкімшілік басшысы мен оның мүшелеріне (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) әдеттегі өндірістік тәуекел санатына жатқызылуы мүмкін залал үшін жауапкершілік жүктеуге жол берілмейді.

Ескерту. 42-2-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

42-3-бап. Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорына консервация жүргізу туралы шешімі

1. Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорына консервация жүргізу туралы шешімі:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының атауын және оның орналасқан жерін;
2) жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау туралы шешімнің негіздемесін;

3) консервациялауды қолданудың басталуын және мерзімін;
4) жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіне салынған шектеулер тізбесін;
5) уақытша әкімшіліктің дербес құрамын;

6) консервациялау режиміндегі жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлеріне өз жұмысы туралы есепті әзірлеу жөніндегі нұсқаманы, кіріс туралы декларацияны, меншіктің бар екендігі және оның мөлшері және осы құжаттарды уақытша әкімшілікке (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) ұсынуы туралы мәліметтерді;

7) уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) ұсынымдарын қамтуы тиіс.

2. Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорына консервациялау жүргізу туралы шешімін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды.

Ескерту. 42-3-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

42-4-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау кезеңінде басқару ерекшеліктері. Жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) өкілеттіктері

1. Консервация жасалуы басталысымен және оның мерзімінде:

1) эмитенті аталған қор болып табылатын жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің акцияларды пайдалану және оған билік ету бойынша құқығы тоқтатыла тұрады ;

2) жинақтаушы зейнетақы қоры органдарының өкілеттіктері тоқтатыла тұрады және оның басшы қызметкерлері жұмыстан шеттетіледі;

3) жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің барлық құқықтары, сондай-ақ эмитенті аталған қор болып табылатын акцияларды пайдалану құқығы уақытша әкімшілікке (жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша меңгерушісіне) өтеді;

3-1) жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер уақытша әкімшілікке (жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша басқарушысына) ауысады ;

4) жинақтаушы зейнетақы қоры атынан және оның есебінен уақытша әкімшілікке (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) мәлім етпестен және оның жазбаша келісімінсіз жасалған барлық мәмілелер жарамсыз деп танылуы мүмкін .

2. Уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы):

1) осы Заңның 42-5-бабының талаптарын ескере отырып, жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің барлық мәселелері жөнінде дербес шешім қабылдауға ;

2) жинақтаушы зейнетақы қоры атынан шарттарға және құжаттарға қол қоюға ;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры атынан және оның мүддесіне орай талап қоюға ;

4) жұмыстан босату, лауазымын төмендету немесе лауазымынан уақытша босату, жинақтаушы зейнетақы қоры қызметкерлерінің арасында міндеттерді бөлу туралы бұйрықтарды қоса алғанда, бұйрықтар шығаруға құқылы.

Ескерту. 42-4-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**42-5-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі
уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы
қорын уақытша басқарушының) қызметін бақылау**

1. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау мерзімі ішінде уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) қызметін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады, ол:

1) уақытша әкімшілікке (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау кезеңіндегі іс-шаралардың негізгі бағыттары туралы ұсынымдар беруге;

2) уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) орындауға міндетті жазбаша нұсқамалар беруге;

3) уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) оның қызметі және жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі туралы кез келген ақпаратты беруін талап етуге;

4) жасалған жұмыс туралы уақытша әкімшіліктің жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) есебін тыңдауға;

5) консервациялау мерзімін ұзартуға;

б) жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялауды аяқтау туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) қызметін егжей-тегжейлі регламенттеу және оның үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынастарының принциптері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Ескерту. 42-5-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

42-6-бап. Консервациялауды тоқтату

1. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау мынадай негіздер бойынша тоқтатылады:

1) уәкілетті органның шешімімен белгіленген консервациялау мерзімінің өтуі ;

2) уәкілетті органның консервациялауды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдауы .

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайын оңалтуға және жұмыс сапасын жақсартуға байланысты жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялауды (оның ішінде мерзімінен бұрын да) тоқтату жинақтаушы зейнетақы қорына қатысты уәкілетті орган немесе уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) белгілеген барлық шектеулердің күшін жоюға әкеп соғады. Бұл жағдайда консервациялау мерзімі ішінде құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар,

жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органдары және қызметкерлер құрамы
к ү ш і н д е қ а л а д ы .

3. Егер жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау оның қаржылық жағдайын оңалтуға және жұмыс сапасының жақсаруына әкеп соқпаған жағдайда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарында көзделген негіздер бойынша зейнетақы жарналарын тарту және жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке берілген лицензиядан айыруға құқылы.

Ескерту. 42-6-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

42-7-бап. Ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаларға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларына қолданылатын мәжбүрлеу шаралары

1. Уәкілетті орган:

- 1) ірі қатысушы мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алмаған;
- 2) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленгеннен кейін осы Заңның 36-2-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайлар туындаған;
- 3) осы Заңның 42-бабы 1-тармағының 1) және 4) тармақшаларына немесе «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-1-бабы 1-тармағының 1) және 4) тармақшаларына сәйкес уәкілетті органның жазбаша нұсқамаларын және уәкілетті органмен жасалған жазбаша келісімдерді орындамаған;
- 4) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы нәтижесінде жинақтаушы зейнетақы қорына немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға залал келтірілген немесе келтірілуі мүмкін әрекеттерді жасаған;
- 5) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғалардың, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларының соның нәтижесінде жинақтаушы зейнетақы қорына немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға залал келтірілген немесе келтірілуі мүмкін қаржылық жағдайының тұрақсыз болғаны;

б) осы Заңның 41-2-бабында көрсетілген факторлардың анықталуына байланысты жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық жағдайы н а ш а р л а ғ а н ;

7) жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым мен оның ірі қатысушысының, ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаның арасында уәкілетті органның осы Заңда көзделген бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруына кедергі келтіретін қ а т ы н а с т а р б о л ғ а н ;

8) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаның, сондай-ақ ірі қатысушының осы Заңның 34-бабы, 41-бабының 4-тармағы талаптарының орындалмауына әкеп соққан әрекеті немесе әрекетсіздігі орын алған жағдайларда ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаларға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларына мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайлар орын алған кезде уәкілетті о р ғ а н :

1) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғадан, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысынан оның тікелей немесе жанама түрде иелік ету үлесін жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының он пайызынан төмен деңгейге дейін азайтуды талап етуге;

2) жинақтаушы зейнетақы қорынан немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымнан ірі қатысушыға қатысты олардың арасындағы, жинақтаушы зейнетақы қорын немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымды тәуекелге ұрындыратын, операцияларды (тікелей және жанама түрде) жүзеге асыруды т о қ т а т а т ұ р у д ы т а л а п е т у г е ;

3) жинақтаушы зейнетақы қорынан немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымнан, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысынан жинақтаушы зейнетақы қорын немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымды қосымша капиталдандыру бойынша шаралар қолдануды талап етуге құқылы.

3. Ірі қатысушы не жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілерін иеленуші тұлға осы баптың 2-тармағында, сондай-ақ осы Заңның 49-3-бабының 2-тармағында көзделген талаптарды орындамаған

жағдайда, уәкілетті органның шешімі негізінде жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның не жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілерін иеленуші тұлғаның акцияларын сенімгерлік басқару тағайындалады. Осы акциялар уәкілетті органға сенімгерлік басқаруға үш айға дейінгі мерзімге беріледі.

Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына не жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі акцияларын ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына не ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акциялары ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда акцияларды сенімгерлік басқару белгіленетін мерзім уәкілетті органның сенімгерлік басқаруды белгілеу туралы тиісті шешімінде анықталады.

Уәкілетті орган не ұлттық басқарушы холдинг жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сенімгерлік басқаруды жүзеге асырған кезеңде акциялардың меншік иесі сенімгерлік басқарудағы акцияларға қатысты қандай да бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы емес.

Ірі қатысушы не жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы белгілерін иеленуші тұлға уәкілетті органға жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның барлық өзіне тиесілі акцияларын өтінішхатта көрсетілген тұлғаларға сату туралы өтінішхат беруге құқылы.

Өтінішхатта көрсетілген акцияларды сатып алушылар Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптарын орындаған жағдайда уәкілетті орган өтінішхатты қанағаттандырады.

Сенімгерлік басқару тағайындалған мерзім аяқталғанға дейін жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сенімгерлік басқаруға беру негіздері жойылмаған жағдайда уәкілетті орган не ұлттық басқарушы холдинг сенімгерлік басқарудағы акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында

акцияларды сату туралы шешім қабылданған күнге қалыптасқан нарықтық баға бойынша сату жолымен иеліктен шығарады. Акциялардың нарықтық құны туралы ақпарат болмаған жағдайда бағалаушы акцияларды сату құнын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындауы мүмкін. Көрсетілген акцияларды сатудан түскен ақша акциялары сенімгерлік басқаруға берілген тұлғаларға аударылады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына не ірі қатысушының белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларды сату жөніндегі іс-шаралар жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына не ірі қатысушының белгілерін иеленуші тұлғаға тиесілі жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру тәртібі, сондай-ақ уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингтің сенімгерлік басқару кезеңіндегі іс-әрекеті уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

Ескерту. 42-7-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

43-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыру

1. Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыру уәкілетті органның рұқсатымен акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша қосылу нысанында жүзеге асырылады. Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру талаптары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Мемлекет, Ұлттық әл-ауқат қоры және (немесе) уәкілетті орган қатысатын жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізу ерекшеліктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

Уәкілетті органның қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсаты ол берілген күннен бастап тоғыз ай бойы қолданыста болады.

Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат алу туралы өтінішхатқа мынадай құжаттар:

1) жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлері жалпы жиналысының оны қайта ұйымдастыру туралы шешімі;

2) жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастырудың белгіленетін болжамды талаптары, тәртібі мен мерзімдері;

3) жинақтаушы зейнетақы қорының оны қайта ұйымдастырғаннан кейінгі есептік балансын қоса алғанда, қайта ұйымдастыру салдарының қаржылық болжамы қоса беріледі.

Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат алу туралы өтінішхатты құжаттардың толық топтамасы берілген күннен бастап екі ай ішінде қарауға тиіс.

2. Қайта ұйымдастырылатын жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органның қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсатын алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде хабарландыру жариялау арқылы өзінің барлық салымшылары мен алушыларына алдағы өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті.

3. Қайта ұйымдастырылған жинақтаушы зейнетақы қоры өзіне басқа жинақтаушы зейнетақы қорын қосып алған жинақтаушы зейнетақы қоры лицензиясының негізінде зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқылы.

4. Қосылатын жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылған жинақтаушы зейнетақы қорына берілуге тиіс.

Ескерту. 43-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

44-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта құруға рұқсат беруден бас тарту

Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорын қайта құруға рұқсат беруден мына негіздердің кез келгені:

1) қайта құрылатын жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлері жалпы жиналысының тиісті шешімдері болмауы;

2) көзделіп отырған қайта құрудың нәтижесінде салымшылар мен алушылардың мүдделеріне нұқсан келтірілуі;

3) көзделіп отырған қайта құрудың нәтижесінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңдары талаптарының бұзылуы;

4) қайта ұйымдастыруға уәкілетті органның рұқсатын алу үшін ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі бойынша бас тартылады.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

45-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын тарату

1. Жинақтаушы зейнетақы қоры:

1) уәкілетті органның өзі белгілеген тәртіппен берген рұқсаты болған кезде жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлері жалпы жиналысының шешімі бойынша;

2) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

1 - 1 . (а л ы п т а с т а л д ы)

1-2. Жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің жалпы жиналысы:

1) зейнетақымен қамсыздандыру туралы қолданыстағы шарттары;

2) ашылған жеке зейнетақы шоттары;

3) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша салымшылар (алушылар) алдында орындалмаған міндеттемелері болмаған жағдайда ғана жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде тарату туралы шешім қабылдауға қ ұ қ ы л ы .

2. Ерікті түрде және мәжбүрлеп таратуды жүргізу тәртібі, тарату комиссиясының өкілеттігі осы Заңда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

3. Кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету және жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп тарату рәсімдеріне олардың қатысуымен шешім қабылдау мақсатында кредиторлар комитеті құрылады.

Мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторлар комитетінің құрамын жинақтаушы зейнетақы қорын тарату комиссиясының ұсынысы бойынша уәкілетті орган бекітеді.

Кредиторлар комитетін құрудың және оның қызметінің тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

4 . (а л ы п т а с т а л д ы)

5 . (а л ы п т а с т а л д ы)

6. Тарату комиссиясы тарату балансы мен тарату туралы есепті бекіткеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде оларды заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына, ал аталған құжаттардың көшірмелерін уәкілетті органға табыс етуге міндетті.

Тарату комиссиясы жинақтаушы зейнетақы қорын таратуды аяқтаған кезде құжаттарды сақтау үшін белгіленген тәртіппен мұрағатқа тапсыруға және бұл жөнінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

Жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің тоқтатылуы тіркелгеннен кейін тарату комиссиясы бес жұмыс күні ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің тоқтатылуын тіркеу туралы бұйрықтың көшірмесін уәкілетті органға т а б ы с е т е д і .

7. Ерікті түрде таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры кредиторларының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған талаптары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген кезектілікпен қанағаттандырылады.

Мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры кредиторларының белгіленген тәртіппен танылған талаптары мынадай кезектілікпен қанағаттандырылады :

1) бірінші кезекте таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының активтерін және оның зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша міндеттемелерін қабылдаған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері алдындағы талаптары қанағаттандырылады;

2) екінші кезекте жалақыдан және (немесе) өзге табыстан ұсталған алименттерді төлеу жөніндегі талаптар, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілгені үшін жауаптылықта болатын азаматтардың талаптары тиісті мерзімді төлемдерді капиталдандыру арқылы қанағаттандырылады;

3) үшінші кезекте еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдарға еңбекақы төлеу және өтемақылар, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерді төлеу жөнінде, жалақыдан ұсталған міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөнінде есеп айырысулар жүргізіледі;

4) төртінші кезекте салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек өтеледі;

5) бесінші кезекте Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да кредиторлармен есеп айырысулар жүргізіледі.

Тиісті кезектілік басталған кезде кредитордың талабы оның келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен, оның ішінде ақшалай нысанда және (немесе) есеп айырысудың пропорционалды қағидатын сақтай отырып, мүлікті заттай нысанда беру арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.

Жинақтаушы зейнетақы қорының активтері бір кезектегі кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының ақшасы және (немесе) өзге мүлкі бір мезгілде осы кезектегі кредиторлар арасында қанағаттандырылуға тиіс талаптардың сомаларына пропорционалды түрде бөлінеді.

Тарату ісін жүргізуге байланысты, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорын тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының негізгі функцияларын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайтын шығыстар кезектен тыс және тұрақты

т ү р д е

ж ү р г і з і л е д і .

8. Жинақтаушы зейнетақы қорын тарату комиссиясының қызметін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05. N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді), 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.10.23 N 72-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

45-1-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде тарату

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті түрде таратылуға рұқсат алу туралы өтінішхатын уәкілетті орган тиісінше ресімделген құжаттарды алған күннен бастап екі ай ішінде қарауға тиіс.

Өтінішке мына құжаттар:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының ерікті түрде тарату туралы шешімі;
- 2) Орталықтың жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің жалпы жиналысы оны ерікті тарату туралы шешім қабылдаған күнге жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақымен қамсыздандыру туралы қолданыстағы шарттардың болмауын растайтын ақпараты;
- 3) жинақтаушы зейнетақы қорында ашық жеке зейнетақы шоттарының, сондай-ақ осы Заңның 45-бабы 1-2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген міндеттемелердің болмауын растайтын құжат;
- 4) жинақтаушы зейнетақы қорының өз міндеттемелері бойынша есеп айырысуы үшін оның өз қаражатының жеткілікті екенін, сондай-ақ осы Заңның 45-бабы 1-2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген міндеттемелерінің жоқ екендігін куәландыратын бухгалтерлік баланс пен оған т ү с і н д і р м е ж а з б а ;
- 5) тарату комиссиясының мүшелеріне кандидаттардың, оның ішінде филиалдарда не өкілдіктерде құрылатын бөлімшелерінің тізімі;
- 6) басқа да қажетті мәліметтер қоса берілуге тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті таратылуға рұқсат алу туралы өтінішхатына және осы тармақтың екінші бөлігінің 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысы қол қойып, олар қордың мөрімен расталуға тиіс.

2. Уәкілетті орган ерікті түрде таратуға рұқсат беруден бас тартқан жағдайда өз шешімін негіздеуге және бас тартуды жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлері мен акционерлерінің назарына жеткізуге тиіс.

Уәкілетті органның ерікті түрде таратуға рұқсатын алған кезде жинақтаушы

зейнетақы қоры филиалдар мен өкілдіктерді ескере отырып, тарату комиссиясын қ ұ р а д ы .

Өз еркімен таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиялары қызметінің ерекшеліктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

3. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры ерікті тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде ол жөнінде ақпарат жариялауға міндетті.

3-1. **Алып тасталды - ҚР 2008.10.23 N 72-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

4. Барлық кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін қаражат жеткіліксіз болған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қоры банкроттық негізі бойынша мәжбүрлеп таратылуға жатады.

5. **алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

Ескерту. 45-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.12.23 N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.10.23 N 72-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

45-2-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп таратудың ерекшеліктері

1. Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының банкрот болуына;

2) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарында көзделген негіздер бойынша жинақтаушы зейнетақы қорын лицензияларын а й ы р у ғ а ;

3) уәкілетті мемлекеттік органдардың, жеке немесе заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін тоқтату туралы талап-арызына байланысты жүзеге асырылады.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорын тарату осы баптың 1-тармағында көзделген негіздер бойынша осы Заңға сәйкес жүргізіледі.

3. Жинақтаушы зейнетақы қоры мәжбүрлеп таратылған жағдайда сот он күн ішінде жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы шешімнің көшірмесін уәкілетті органға жібереді.

Сот жинақтаушы зейнетақы қорын лицензиядан айыруға байланыссыз

негіздер бойынша мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оны лицензиясынан айыру туралы мәселені қарайды.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган уақытша әкімшілікті (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыны) тағайындайды, оған оның барлық органдарының өкілеттіктері беріледі. Жинақтаушы зейнетақы қорының бұрын іс-әрекет жасаған органдарының өкілеттіктері тоқтатыла тұрады.

Жинақтаушы зейнетақы қоры лицензиясынан айырылған күннен бастап:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары, органдары жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкіне билік етуге құқылы емес;

2) таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорына қатысты бұрын қабылданған сот шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;

3) кредиторлардың жинақтаушы зейнетақы қорына қоятын талаптары тек тарату ісін жүргізу барысында ғана қойылуы мүмкін;

4) кредиторлардың, салық қызметі органдарының, оның ішінде даусыз (акцептісіз) тәртіппен қанағаттандырылуы тиіс талаптары бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының банктік шоттарынан ақша өндіріп алуға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін өндіріп алуға өтінім жасауына жол берілмейді;

5) жинақтаушы зейнетақы қорының лауазымды тұлғаларының жинақтаушы зейнетақы қорының өздеріне тиесілі акцияларын иеліктен шығаруына тыйым салынады;

6) басшы, ал қажет болғанда өзге қызметкерлер де Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыстан шеттетіледі.

Уәкілетті орган зейнетақы активтерін, жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша міндеттемелерін табыс еткеннен кейін он жұмыс күні ішінде сотқа жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тоқтату (тарату) туралы өтініш береді.

Уәкілетті орган лицензиядан айыру жөнінде қабылданған шешім туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын екі мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Жинақтаушы зейнетақы қоры жұмысының, оның уақытша әкімшілігін (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыны) тағайындаудың тәртібі, сондай-ақ уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) өкілеттіктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы)

зейнетақы активтерін, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша оның міндеттемелерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін басқа жинақтаушы зейнетақы қорына уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өткізу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті .

Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша міндеттемелерін орындау мақсатында уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) жинақтаушы зейнетақы қорының меншігі болып табылатын ақшаны уәкілетті орган белгілеген тәртіппен оның зейнетақы активтерінің алдындағы міндеттемелерін төлеуге беруге құқылы .

Уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) уәкілетті орган тарату комиссиясын тағайындағанға дейін өз қызметін жүзеге асырады .

Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы тағайындалғанға дейін уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) қызметіне бақылау жасауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) орындалған жұмыс туралы есебі бекіту үшін уәкілетті органға табыс етіледі .

Уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) уәкілетті орган тарату комиссиясын тағайындаған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде жинақтаушы зейнетақы қорының құжаттары мен мүлкін тарату комиссиясына береді .

Жинақтаушы зейнетақы қорының құжаттары мен мүлкін уақытша әкімшіліктен (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыдан) қабылдап алу және тарату комиссиясының төрағасына беру төрт дана етіп жасалатын актімен ресімделеді бекітеді. Қабылдау-беру актісінің бір данасы – уәкілетті органға, ал екіншісі жинақтаушы зейнетақы қорын тарату туралы шешім қабылдаған сотқа жіберіледі .

4-1. Лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқылы емес, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген шығыстарға байланысты жағдайларды қоспағанда, қолда бар банктік шоттар бойынша барлық операцияны тоқтатуға міндетті .

Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясынан айырылған күніне дейін жасалған зейнетақымен қамсыздандыру және зейнетақы аннуитеті туралы шарттар бойынша салымшылардың (

алушылардың) зейнетақы жинақтарын аударуды қоспағанда, жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясынан айырылған күннен бастап жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының (алушыларының) зейнетақы жинақтарын басқа жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе сақтандыру ұйымдарына аудару тоқтатыла тұрады.

Лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының (алушыларының) зейнетақы жинақтарын басқа жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе сақтандыру ұйымдарына аудару зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша активтерді және міндеттемелерді осы баптың 4-тармағына сәйкес таңдау жүзеге асырылған жаңа жинақтаушы зейнетақы қорына тапсыру рәсімі аяқталғаннан кейін отыз жұмыс күні өткен соң қайта басталады.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорының төлем қабілетсіздігі мен дәрменсіздігі сотқа ұсынылатын пруденциялық нормативтерді есептеу әдістемесін және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттер, жинақтаушы зейнетақы қоры капиталының мөлшерін ескере отырып уәкілетті органның жасаған қорытындысымен белгіленеді.

Жинақтаушы зейнетақы қоры сот шешімімен белгіленген тәртіп бойынша ғана банкрот деп танылуы мүмкін. Дәрменсіз жинақтаушы зейнетақы қорын оның кредиторларының және жинақтаушы зейнетақы қорының өз шешімі бойынша соттан тыс тарату рәсіміне жол берілмейді. Тараптардың жинақтаушы зейнетақы қорының банкроттығы туралы іс бойынша бітімгершілік келісім жасауына болмайды.

6. Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап осы баптың 4-тармағы екінші бөлігінің 1) – 4) және 6) тармақшаларында көзделген салдар туындайды.

Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап жинақтаушы зейнетақы қорының бұрын жұмыс істеп тұрған органдарының өкілеттігі тоқтатылады, басшы, ал қажет болған кезде өзге қызметкерлер де Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыстан босатылады.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

1-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7. Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы, оның ішінде банкроттық негіз бойынша шешім қабылданғаннан кейін сот тарату ісін жүргізуді қозғайды және оның филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясын құру жөнінде уәкілетті органға міндеттер жүктейді.

Мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссиясын тағайындау және босату тәртібі және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Жинақтаушы зейнетақы қоры тарату комиссиясының төрағасына, мүшелеріне және өзге де тартылған қызметкерлерге төленетін сыйақының ай сайынғы мөлшері олардың әрқайсысына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген он еселенген ең төменгі жалақы мөлшерінен аспауы тиіс.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының аралық тарату балансын және кредиторларының тізілімін уәкілетті орган бекітеді.

Тарату комиссиясы төрағасының және мүшесінің құқықтары мен міндеттері, оның ішінде сыйақыға құқығы, мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының істерін және мүлкін басқару жөніндегі өкілеттіктердің көлемі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен және кредиторлар комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды ескере отырып, олармен жасасатын келісіммен реттеледі.

Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы уәкілетті органға атқарған жұмысы туралы есепті және оның жазбаша сұрауы бойынша өз қызметі туралы қосымша мәліметтерді және таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорына қатысты деректерді ұсынуға міндетті.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін өткізуді оның тарату комиссиясы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен жүргізеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін бағалауды тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

Тарату тәртібі және мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссияларының жұмысына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

7-1. Жинақтаушы зейнетақы қорын таратуға байланысты шығыстар, осы баптың 7-2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының есебінен жүргізіледі.

7-2. Жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкі болмаған не оның құны шығыстарды жабуға жетпеген жағдайларда жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімшісінің) және тарату комиссиясының құрамына енген уәкілетті орган қызметкерлерінің еңбекақысын төлеуге байланысты шығыстарды, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату жөнінде сот қабылдаған шешім туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мерзімді баспасөз басылымдарында

мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялау жөніндегі шығыстарды және мәжбүрлеп тарату негізінде жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің тоқтатылуын әділет органының мемлекеттік тіркеуіне байланысты және жинақтаушы зейнетақы қорын тарату аяқталғаннан кейін құжаттарды сақтау үшін мұрағатқа тапсыру жөніндегі шығыстарды қоспағанда, мәжбүрлеп тарату негізінде жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін тоқтату жөніндегі шығыстарды уәкілетті органның қаржыландыруына тыйым салынады.

8. Тарату комиссиясы уәкілетті органмен келісілген тарату туралы есепті және тарату балансын сотқа ұсынады.

Сот тарату жөніндегі есепті және тарату балансын бекітіп, тарату ісін жүргізудің аяқталуы туралы ұйғарым шығарады.

Тарату комиссиясы сот ұйғарымының көшірмесін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын әділет органы мен уәкілетті органға жібереді.

Ескерту. 45-2-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.12.23 N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

45-3-бап. Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорларының таратылу процесіндегі бақылау өкілеттіктері

1. Ерікті және мәжбүрлеп, оның ішінде банкроттық негіз бойынша таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссиясының қызметіне бақылауды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті орган:

1) тарату комиссияларынан атқарған жұмысы туралы есепті, қажет болған жағдайда, қосымша ақпаратты алуға;

2) тарату комиссияларының есептерді және қосымша ақпаратты ұсыну нысанын, мерзімін және кезеңділігін белгілеуге;

3) тарату комиссияларының қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тексеру жүргізуге;

4) тарату комиссияларының қызметінен Қазақстан Республикасының заңдарын, кредиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу анықталған жағдайда, бұзушылықтарды жою жөнінде тарату комиссияларының орындауы міндетті жазбаша ұйғарым шығаруға, ұйғарымды орындау мерзімін белгілеуге;

5) тарату комиссиясы белгіленген мерзімде жазбаша ұйғарымды орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды

қолдануға, сондай-ақ кредиторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа не прокуратура органдарына жүгінуге;

б) тарату шығыстары сметасын түзудің және бекітудің ерекшеліктері мен тәртібін белгілеуге;

7) тарату комиссияларының қолма-қол ақшаны кассада сақтау, қолма-қол ақшамен кіріс және шығыс операцияларын жасау, касса құжаттарын жүргізу ережелерін орындауы, қолма-қол ақшаның, касса қалдықтары лимиттерінің жұмсалуды қамтамасыз ету бойынша талаптарды, сондай-ақ тарату комиссиясының ағымдағы шотына қолма-қол ақша тапсыру мерзімдерін айқындауға құқылы.

2. Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда тарату комиссиясының төрағасы, бөлімше басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Ескерту. 45-3-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.12.23 N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.31 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-тарау. Жинақтаушы зейнетақы қорларының өз капиталы

46-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының өз капиталын құру

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының өз капиталы:

1) құрылтайшылар мен акционерлердің жарғылық капиталға салған салымдары;

2) комиссиялық сыйақылар;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де көздер есебінен құралды.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорларының өз капиталы - жинақтаушы зейнетақы қоры міндеттемелерінің сомасын шегеріп тастағаннан кейінгі оның активтерінің құны.

Ескерту. 46-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

47-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының жарғылық капиталын қалыптастыру ерекшеліктері

1. Алып тасталды - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді)

З а ң ы м е н .

2. Жинақтаушы зейнетақы қоры жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері екі миллиард теңгеден кем болмауға тиіс. Оны қалыптастырудың тәртібі мен құрамын уәкілетті орган белгілейді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының ең төмен жарғылық капиталының мөлшеріне талаптар өскен жағдайларда, жинақтаушы зейнетақы қоры залалдың болғанына қарамастан акцияларды қосымша шығаруды жүзеге асырады.

3. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыру кезінде оның акцияларына ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларына ақы төлеу тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен жүзеге асырылады.

4. Құрылтайшылар немесе заңды тұлға акционерлер басқа тұлғалардың акцияларға орналастырылған активтерін және жарғылық капиталына қатысу үлестерін шегере отырып, өз капиталының шегінде жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын төлейді.

Құрылтайшылар немесе жеке тұлға акционерлер Қазақстан Республикасының салық заңдарында табысы мен мүлкі туралы декларация беру бөлігінде белгіленген талаптарды ескере отырып, жарғылық капиталға ақша салады, жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын төлейді.

5. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алу туралы өтініш берілген кезде жарғылық капитал Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен толық төленуге тиіс.

6. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары мен акционерлерінен құрылтай құжаттары мен қаржы есептілігін табыс етуді талап етуге, сондай-ақ мемлекеттік органдардан қажетті мәліметтерді сұратуға құқылы.

Ескерту. 47-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

48-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақылары

1. Комиссиялық сыйақының шекті шамасын жинақтаушы зейнетақы қоры:

- 1) инвестициялық табыстың он бес процентінен;
- 2) айына зейнетақы активтерінің 0,05 процентінен аспайтын шекте белгілейді.

Комиссиялық сыйақының шамасы жылына бір реттен жиі емес өзгертілуі

м ү м к і н .

Комиссиялық сыйақының шамасы кемінде екі мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы салымшылар мен алушыларға күнтізбелік жыл басталардан бір ай бұрын хабарлануға тиіс.

Комиссиялық сыйақыны өндіріп алу тәртібін Қазақстан Республикасының
Ү к і м е т і б е л г і л е й д і .

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының өз қаражатын пайдаланудан алынған табыстары толық көлемінде жинақтаушы зейнетақы қорына тиесілі болады.

Ескерту. 48-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

10-тарау. Жинақтаушы зейнетақы қорларының есебі мен есеп беріп отыруы. Жинақталған зейнетақы қаражатының құпиясы

49-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы есепке алу және есептілік

1. Жинақтаушы зейнетақы қорлары бухгалтерлік есепті жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға өз қаражаты және зейнетақы активтері бойынша қаржылық есептемені және бастапқы статистикалық деректерді бөлек береді.

2. Салымшылардың (алушылардың) жеке шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы қаражатының есебі уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен бөлек жүргізіледі. Зейнетақы жарналары есебінің дұрыс жүргізілуіне және инвестициялық кірістің салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына есептелуіне уәкілетті орган бақылау жасайды.

2-1. Зейнетақы активтерін және жеке зейнетақы шоттарындағы жинақталған қаражатты есепке алуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен
б е л г і л е н е д і .

3. Жинақтаушы зейнетақы қорлары бухгалтерлік есепте және есеп беруді жасау кезінде пайдаланылатын құжаттардың есепке алынуы мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Сақталуға жататын негізгі құжаттардың тізбесі мен олардың сақталу мерзімін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.07.08 N 69, 2010.03.19 № 258-IV, 2012.07.05 N 30-V (2012.09.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

49-1-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының аудиті

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге құқылы және жинақтаушы зейнетақы қорымен және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен үлестес емес аудиторлық ұйым жүргізеді.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық есептілігінің аудиторлық есебі коммерциялық құпияны құрамайды.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорының жыл сайынғы аудиторлық есебі аудитордың – орындаушының және аудиторлық ұйымның жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық есептілігі туралы тәуелсіз пікірін және осы жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтеріне қатысты есепке алуды жүргізу және есептіліктің жасалуы тәртібінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру нәтижелері туралы ақпаратты қамтиды.

Ескерту. 49-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

49-2-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының есептілігі

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы жыл сайын уәкілетті органға қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде қаржылық есептілікті және оған түсіндірме жазбаны табыс етуге тиіс.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы уәкілетті органға қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде кірістері мен мүлкі туралы мәліметтерді қамтитын есептілікті, сондай-ақ:

1) басқа тұлғалармен бірлесіп жинақтаушы зейнетақы қоры немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым қабылдайтын шешімдерге шарттың негізінде не өзгеше түрде ықпал етуді жүзеге асыру туралы, оның ішінде осындай ықпал ету мүмкіндігін айқындайтын өкілеттіктерді табыстаудың сипаттамасы қамтылатын;

2) жарғылық капиталдардағы өзіне тиесілі қатысу үлестерін (акцияларды) көрсете отырып, ұйымдардағы өзінің атқаратын лауазымдары туралы;

3) ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы өзіне тиесілі қатысу үлестері (акциялар), сондай-ақ оларды сатып алу көздері туралы;

4) жақын туыстары, жұбайы және жұбайының (зайыбының) жақын туыстары туралы, сондай-ақ осы тұлғалардың бақылауындағы ұйымдар туралы ақпаратты;

5) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтерді, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы салық органдарына ұсынатын жеке табыс салығы жөніндегі декларациясы болған кезде, оның көшірмесін беруге тиіс.

3. Есептілікті беру тәртібі мен нысандары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар), заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушы уәкілетті органға:

1) есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік тоқсан күн ішінде тоқсан сайынғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті және оған түсіндірме жазбаны;

2) қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік жүз жиырма күн ішінде аудиторлық ұйым растамаған, шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және оған түсіндірме жазбаны;

3) үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы тоқсан сайынғы есепті табыс етуге тиіс.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысының жылдық қаржылық есептілігіне түсіндірме жазбада, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар) ірі қатысушысының тоқсан сайынғы және жылдық қаржылық есептілігіне түсіндірме жазбаларда мынадай ақпарат көрсетілуі тиіс:

1) ірі қатысушының қызметі түрлерінің сипаттамасы;

2) ірі қатысушы оның қатысушысы (акционері) болып табылатын әрбір ұйымның атауы, оның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің мөлшері (тиесілі акциялар саны), қызмет түрінің немесе түрлерінің сипаттамасы, ірі қатысушы оның ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылатын ұйымдардың қаржылық есептілігі;

3) жинақтаушы зейнетақы қорына немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға ірі қатысушының ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылатын әрбір ұйымның атауы, оның жарғылық капиталға қатысу үлесінің мөлшері (өзіне тиесілі акциялар саны), осы ұйымның қызмет түрінің немесе түрлерінің сипаттамасы және қаржылық есептілігі, сондай-ақ үлестес тұлғалар туралы, ірі қатысушыны бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе

зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысын бақылайтын тұлғаның еншілес және тәуелді ұйымдары туралы мәліметтер.

Жинақтаушы зейнетақы қорында немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымда жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар) ірі қатысушысы болмаған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы қаржылық есептілікті және осы тармақта көрсетілген ақпаратты тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірмей беруге тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы – заңды тұлғаның басшы қызметкерлерінің құрамы өзгерген жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы – заңды тұлға растайтын құжаттарды қоса тіркей отырып, көрсетілген өзгерістер болған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға басшы қызметкерлердің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтерді табыс етеді.

6. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның заңды тұлға болып табылатын, Қазақстан Республикасының резиденті емес ірі қатысушысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік жүз сексен күн ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті уәкілетті органға табыс етуге тиіс.

Қазақстан Республикасының резиденті емес – жеке тұлға болып табылатын, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына осы баптың 2-тармағының талаптары қолданылады.

7. Егер Қазақстан Республикасының резиденті – қаржы ұйымы жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы болып табылатын жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы осы баптың 5-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген ақпаратты береді. Бұл ретте, егер жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы уәкілетті органға осы қаржылық есептілікті талап етілген кезеңде табыс етсе, қаржылық есептілік және оған түсіндірме жазба табыс етілмейді.

Ескерту. 49-2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

49-3-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларына аудит

1. Қаржы жылының қорытындылары бойынша аудит жүргізу жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушылары үшін міндетті.

Аудиторлық есептің көшірмесі көрсетілген құжат алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға берілуге тиіс.

2. Өзі орналасқан елде шоғырландырылған қадағалауға жататын жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес пайызын немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама түрде иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар) заңды тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес ірі қатысушының шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін осы Қазақстан Республикасының резиденті емес ірі қатысушы орналасқан елде қаржы ұйымдарына аудит жүргізуге құқығы бар аудиторлық ұйым растауға тиіс.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын ірі қатысушысы уәкілетті органға аудиторлық есептің көшірмесін және аудиторлық ұйымның ұсынымдарын қазақ немесе орыс тілдерінде табыс етеді.

4. Жинақтаушы зейнетақы қоры, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық ахуалына әсерін тигізетін, аудиторлық есепте көрсетілген бұзушылықтарды көрсетілген тұлғалар аудиторлық есепті алған күннен бастап үш ай ішінде жоймаған жағдайда уәкілетті орган бұзушылықтар жойылғанға дейін:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға қатысты тиісті лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға;

2) жинақтаушы зейнетақы қорына немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына қатысты осы Заңның 42-7-бабының 2-тармағында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

5. Осы есепті алған күннен бастап бір жыл ішінде бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, уәкілетті орган:

1) жинақтаушы зейнетақы қорын және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымды лицензиясынан айыруға;

2) жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысына қатысты осы Заңның 42-7-бабының 3-тармағында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

Ескерту. 49-3-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

50-бап. Жинақталған зейнетақы қаражатының құпиясы

1. Жинақталған зейнетақы қаражаттарының құпиясы салымшылар (алушылар) туралы, салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы қалдықтар және ақша қозғалысы туралы мәліметтерді қамтиды.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары және Орталық жинақталған зейнетақы қаражатының құпиялылығына кепілдік береді.

2. Өздерінің қызметтік және функционалдық міндеттерін жүзеге асыруға байланысты зейнетақы жинақтары құпиясын құрайтын мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік алған жинақтаушы зейнетақы қорларының, Орталықтың, халыққа қызмет көрсету орталықтарының лауазымды адамдары, қызметкерлері және өзге де адамдар зейнетақы жинақтары құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етуге құқылы емес және оларды жария еткені үшін, осы баптың 3–5-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

3. Жинақталған зейнетақы қаражатының құпиясы зейнетақылық жарна төлеуші салымшыға, алушыға, салымшының (алушының) Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ресімделген жазбаша келісімі негізінде кез келген үшінші адамға ашылуы мүмкін.

4. Жеке зейнетақы шоттарындағы ақшаның қалдықтары мен өзгерісі туралы анықтамалар:

1) анықтау және алдын ала тергеу органдарына - олар жүргізіп отырған қылмыстық істер бойынша;

2) соттарға - сот ұйғарымының негізінде олар жүргізіп отырған істер бойынша;

2-1) сот орындаушыларына - сот орындаушысының сот санкция берген қаулысының негізінде олардың жүргізуіндегі атқарушылық құжаттар бойынша;

3) салық органдарына - тексеріліп отырған тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша;

4) уәкілетті органға - салымшының (алушының) өтінішіне байланысты

туындаған мәселелер бойынша, не олардың жинақтаушы зейнетақы қорына тексеру жүргізуіне байланысты;

5) прокурорға - оның қарауындағы материал бойынша өз құзыреті шегінде тексеру жүргізуі туралы қаулы негізінде;

5-1) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға - «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мақсатта және тәртіппен;

б) салымшының (алушының) өкілдеріне - нотариатпен куәландырған сенімхат немесе сот шешімі негізінде;

6-1) Орталыққа - міндетті зейнетақы ай жарналары бойынша салымшылар (алушылар) дерекқорын қалыптастыру үшін;

6-2) орталық атқарушы органға – салымшының (алушының) өтінішіне байланысты туындаған мәселе бойынша;

7) жинақтаушы зейнетақы қорының жыл сайынғы міндетті аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымдарға;

8) алушының не нотариат куәландырған сенімхат немесе сот шешімі негізінде оның өкілінің өтініші негізінде мемлекеттік қызметтер көрсету үшін халыққа қызмет көрсету орталықтарына берілуі мүмкін.

5. Алушының жеке зейнетақы шотының болуы туралы, олардағы ақшаның қалдықтары мен өзгерістері туралы анықтамалар алушы қайтыс болған жағдайда жазбаша сұрау бойынша өсиетте аталған адамдарға, олардың қарауындағы мұрагерлік істер бойынша ұйғарым негізінде соттарға беріледі.

6. Жеке зейнетақы шотының болуы және ондағы ақша туралы анықтамалар алушы қайтыс болған жағдайда олардың қарауындағы мұрагерлік істер бойынша нотариат кеңселеріне, жеке нотариустарға және шетелдік консулдық мекемелерге беріледі.

Ескерту. 50-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді), 2005.06.16 N 58 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.04 N 148 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.08.28 N 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.06.21 N 19-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 N 64-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.04.2013 N 89-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-тарау. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару

51-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару тәртібі

Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ұйым не қызметтің осындай түрімен айналысу құқығына тиісті лицензиясы болған кезде жинақтаушы зейнетақы қоры дербес, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту. 51-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

52-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйым заңды тұлға, бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысы болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен акционерлік қоғам нысанында құрылады.

1-1. Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент емес жеке және заңды тұлғалары осы Заңда және уәкілетті органның өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды ескере отырып, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның құрылтайшылары немесе акционерлері бола алады.

1-2. Рейтинг агенттіктерінің бірінің белгілі бір рейтингін иеленген заңды тұлға - қаржы ұйымы ғана Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның құрылтайшысы немесе акционері бола алады. Рейтинг агенттіктерінің тізбесі мен ең төмен рейтингті уәкілетті орган белгілейді.

Тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленетін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларын тікелей немесе жанама түрде иеленуге және (немесе) пайдалануға және (немесе) оларға билік етуге құқығы жоқ.

1-3. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын, шетел қатысатын ұйымдардың жиынтық меншікті капиталы Қазақстан Республикасының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын барлық ұйымдарының жиынтық меншікті капиталының елу пайызынан аспауы керек.

Осы тармақтың талабы зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды

жүзеге асыратын, шетел қатысатын ұйымдардың жиынтық меншікті капиталын Қазақстан Республикасының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын барлық ұйымдарының жиынтық меншікті капиталынан:

1) бөлінбеген пайда есебінен;

2) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық меншікті капиталын азайту есебінен елу пайыздан асатын мөлшерге дейін ұлғайтқан жағдайға қолданылмайды.

1-4. **алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

1-5. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын, шетел қатысатын ұйым – орналастырылған акцияларының үштен бірінен астамы:

1) Қазақстан Республикасы резидент еместерінің;

2) орналастырылған акцияларының немесе жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерінің елу және одан көп пайызы Қазақстан Республикасының резидент еместерінің иелігіндегі, меншігіндегі және (немесе) басқаруындағы Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғаларының не оларға ұқсас Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының;

3) Қазақстан Республикасының резидент еместерінің (сенімді тұлғаларының) не осы тармақтың 2) тармақшасында аталған заңды тұлғалардың қаражатына иелік етушілер болып табылатын Қазақстан Республикасы резиденттерінің иелігіндегі, меншігіндегі және (немесе) басқаруындағы зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымның атауында "зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйым" деген сөздері болуға тиіс.

3. Зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін, оны құру тәртібі мен құрамын уәкілетті орган белгілейді.

4. Зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымның мүлкі жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінен оқшауланған болады.

5. **алып тасталды.**

Ескерту. 52-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2008.11.20 N 88 -IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

53-бап. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерлері

1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде уәкілетті органға зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның барлық басшы қызметкерлеріне зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым қаржы жылының ішінде төлеген кірістер туралы мәліметтерді қамтитын есептілікті уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша ұсынуға міндетті.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақы, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа түрлерін есептеу жөніндегі зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ішкі саясатына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

2. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның директорлар кеңесінің және (немесе) басқармасының мүшелері зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды осы ұйым жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері лауазымында бола алмайды.

3. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерлеріне қойылатын өзге де талаптар «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Ескерту. 53-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

54-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару оның таңдауы бойынша зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын бір және одан да көп ұйымдармен шарт негізінде және (немесе) уәкілетті орган беретін, қызметтің осындай түрімен айналысу құқығына тиісті лицензиясы болған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорымен дербес жүзеге асырылады.

2. Зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйым бір мезгілде екі және одан да көп жинақтаушы зейнетақы қорларымен зейнетақы активтерін басқаруға шарт жасасуға құқылы.

3. (а л ы п т а с т а л д ы)

4. Зейнетақы активтерін басқаруға арналған шарт жазбаша нысанда жасалады, шарттың жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соғады.

5. Зейнетақы активтерін басқаруға арналған шартқа мүлікті сенімді басқару туралы шарттың ережелері қолданылады.

6. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын

жинақтаушы зейнетақы қорларының басқа жинақтаушы зейнетақы қорларымен олардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға шарт жасасуға құқығы жоқ.

Ескерту. 54-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

55-бап. Зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымның міндеттері мен қызметін шектеу

1. Зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйым:

1) бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялауды жүзеге асыруға;

2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін ұдайы бағалап отыруға;

3) уәкілетті орган белгілеген мерзімде және тәртіппен өз қызметі туралы есеп беруге;

4) жинақтаушы зейнетақы қоры мен уәкілетті органның алдында өз қызметі туралы ұдайы есеп беріп отыруға;

5) уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен өз қызметі туралы ақпарат жарияланып отыруға;

б) уәкілетті орган мен зейнетақы активтерін басқару туралы шартпен белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

2. Зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымның жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында:

1) акциялардан басқа, бағалы қағаздардың өзге де түрлерін шығаруға;

2) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның мақсаты үшін банктерден үш айдан асатын мерзімге, өз капиталының мөлшерінен аспайтын мөлшерде заем қаражатын тартуға;

3) ұйымдастырылған рыноктардағы мәмілелерді, зейнетақы активтерін басқаруға шарттар жасасуды, эмитенттің инвестициялық портфеліндегі облигацияларды акцияларға айырбастауын, артықшылықпен сатып алу құқығын іске асыруды, эмитенттен инвестициялық портфеліндегі акцияларды сатып алуды талап етуді, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген басқа да жағдайларды қоспағанда, зейнетақы және (немесе) меншікті активтері есебінен үлестес тұлғалармен мәмілелер жасасу;

3-1) зейнетақы және (немесе) меншікті активтердің есебінен үлестес тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін, үлестес тұлғалар шығарған акцияларды не параметрлері қор биржасының акциялары нарығының индексін есептеу мақсатында пайдаланылатын қор биржасының тізіміне (қор биржасының өкілді тізіміне) не базалық активі осындай акциялар болып

табылатын депозитарлық қолхаттар тізіміне кіретін акцияларды қоспағанда, базалық активі осындай акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттарды с а т ы п а л у ғ а ;

3-2) зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген мақсаттарға пайдалануға;

3-3) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қызметкерлеріне қаржылық көмекті қоспағанда, меншікті активтер есебінен бір жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға өтеусіз негізде қаржылық көмек ұсынуға;

4) кез келген әдістермен заемдар беруге;

5) зейнетақы активтерінің құрамына кіретін бағалы қағаздарды қайта сатып алу міндеттемесі шартымен сатуға;

6) маржа бойынша кез келген бағалы қағаздарды сатып алуға;

7) жинақтаушы зейнетақы қорына тиесілі емес бағалы қағаздарды сату ("қысқа сатулар") туралы шарттар жасасуға;

8) кез келген түрде, кепілдер мен кепілдіктер беруге, зейнетақы және (немесе) меншікті активтерімен кепілдік мәмілелер жасасуға;

9) зейнетақы активтерінің инвестициялары бойынша табыстарға кепілдігі немесе уәдесі бар ақпарат жариялауға;

10) Осы Заңның 58-бабында көзделген қызмет түрлерін, сондай-ақ өзінің жеке мүддесі үшін алған мүліктерді сауда-саттыққа салуды және жалға беруді қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

Ескерту. 55-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді), 2003.07.10 N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді), 2005.07.08 N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.11.20 N 88-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

56-бап. Зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымның өз капиталын қалыптастыруы

Зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымның өз капиталын қалыптастыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 56-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

57-бап. Сақталуы міндетті пруденциалдық нормативтер

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы кепілдігін қамтамасыз ету үшін сақталуы міндетті пруденциалдық нормативтер белгіленеді.

Пруденциалдық нормативтердің тізбесін, олардың нормативтік мәндері мен есеп-қисап әдістемесін, сондай-ақ тиісті есептілік нысандары мен оны табыс ету мерзімдерін уәкілетті орган белгілейді.

Зейнетақы активтерін немесе жинақтаушы зейнетақы қорын инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын ұйымдар, қаржылық және (немесе) өзге де есептілік мәліметтерін түзету бойынша жазбаша нұсқамада көрсетілген уәкілетті органның талаптарын орындамаған жағдайда, пруденциалдық нормативтердің және басқа да міндетті нормалар мен лимиттердің есебін уәкілетті орган өздері түзеткен есептілік негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. 57-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.02.19 N 230 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

58-бап. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті лицензиялау

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган лицензиялайды.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым тиісті лицензиялары болған жағдайда бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіппен бағалы қағаздар рыногында қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 58-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.07.10. N 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

59-бап. Зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымның жауапкершілігі

Жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен жасалған шартты бұзу белгіленген күннен жиырма күн бұрын оған хабарлай отырып, бір жақты тәртіппен бұзуға, сондай-ақ зейнетақы активтерін тиісті басқармаудан туындаған залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

Зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйым өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі бүкіл мүлкімен жинақтаушы зейнетақы қоры алдында жауап береді.

Ескерту. 59-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 364 (1999.04.01 бастап күшіне енеді), 2002.12.29 N 369 (2003.01.01 бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

59-1-бап. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың аудиті

1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың аудитін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге құқылы аудиторлық ұйым жүргізеді.

2. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілігінің аудиторлық есебі коммерциялық құпия болып табылмайды.

3. Алынып тасталды - ҚР 2008.10.23 N 72-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңмен.

Ескерту. 59-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.05.05 N 139 Заңмен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.10.23 N 72-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңмен.

4-БӨЛІМ. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ескерту. 4-бөлім жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңмен.

12-тарау. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алу құқығы

60-бап. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алу құқығы

1. Әскери қызметшілердің (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерді қоспағанда), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың:

1) әскери қызметте, арнаулы атақтар, сыныптық шендер беріліп, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген, қызметте болудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекті жасына толған;

2) әскери қызметте, арнаулы атақтар, сыныптық шендер беріліп, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген, штаттың қысқартылуына, өз еркі бойынша және денсаулық жағдайына байланысты босатылған;

3) құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген офицерлері, прапорщиктері (мичмандары), арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, орта, аға және жоғары басшы құрамындағы адамдары, сондай-ақ әскери қызметті келісімшарт бойынша өткеріп жүрген, әскери қызметте және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беріліп, құқық қорғау органдарындағы қызметте тұрудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекті жасына жетуіне, штаттың қысқартылуына немесе денсаулық жағдайына байланысты босатылған, жиырма бес және одан да көп жыл жалпы еңбек өтілі бар, оның кемінде он екі жыл алты айын әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында үздіксіз қызмет атқарған адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

2. Қызметтен босатылған және 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша он және одан да көп жыл еңбек сіңірген әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлеріне, арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға осы баптың 1-тармағына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алуға құқығы болмаған жағдайда Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері осы Заңға сәйкес жалпы негіздерде тағайындалады.

3. Әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар арасынан зейнеткерлерді әскери (арнаулы) атақ, сыныптық шен бере отырып мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде зейнетақы төлеу лауазымға тағайындалған күннен б а с т а п т о қ т а т ы л а д ы .

4. Әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған құқық қорғау органдары қызметкерлерінің осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша 2012 жылғы 1 қаңтарда әскери (арнаулы) атақ, сыныптық шен бойынша тіркелген осы санаттағы адамдар үшін әскери және құқық қорғау қызметтерінде тұрудың тиісті шекті жасына толуына байланысты еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

Ескерту. 60-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

61-бап. Еңбек сіңірген жылдары үшін Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері

1. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері:

1) осы Заңның 60-бабының 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар адамдарға әскери қызмет стажы, құқық қорғау органдарындағы қызмет стажы 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша он жыл және одан да көп болғанда - толық көлемде;

2) осы Заңның 60-бабының 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша зейнетақы төлемдеріне құқығы бар адамдарға әскери қызмет стажы, құқық қорғау органдарындағы қызмет стажы 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша он жылға жетпейтін болса, толық емес көлемде тағайындалады.

2. Орталықтан толық көлемде төленетін зейнетақы төлемдері осы Заңның 63-бабына сәйкес белгіленетін ақшалай қаражаттың елу проценті есебінен белгіленеді.

3. Орталықтан толық емес көлемде төленетін зейнетақы төлемдері 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша еңбек сіңірген жылдарының және еңбек стажының әр жылына шаққанда осы Заңның 63-бабына сәйкес белгіленетін ақшалай қаражаттың екі проценті есебінен белгіленеді.

4. Әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте жиырма бес жылдан астам еңбек сіңірген жылдарының әр жылы үшін осы Заңның 60-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес тағайындалған толық көлемдегі зейнетақы төлемдерінің мөлшері осы Заңның 63-бабына сәйкес айқындалатын ақшалай қаражаттың екі пайызына, еңбек өтілінің әр жылы үшін бір пайызына көбейтіледі. Жиырма бес жылдан астам жалпы еңбек өтілінің әр жылы үшін осы Заңның 60-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес тағайындалған толық көлемдегі зейнетақы төлемдерінің мөлшері осы Заңның 63-бабына сәйкес айқындалатын ақшалай қаражаттың бір пайызына көбейтіледі.

5. Осы баптың 1-4-тармақтарына сәйкес есептеп шығарылған зейнетақы төлемдерінің жалпы мөлшерін осы Заңның 63-бабына сәйкес айқындалатын ақшалай қаражаттың алпыс бес пайызынан асыруға болмайды. Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған адамдарға айлық зейнетақы төлемдерінің ең жоғары мөлшерін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз төрт еселенген мөлшерінен асыруға болмайды.

Ескерту. 61-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

62-бап. Еңбек сіңірген жылдарды есептеу

Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың еңбек сіңірген жылдары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен есептеп шығарылады.

Бұл ретте зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, күнтізбелік жылдар бойынша есептеледі.

Ескерту. 62-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

63-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру үшін ескерілетін ақшалай қаражатының мөлшері

1. Әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарды зейнетақымен қамсыздандыру үшін ескерілетін ақшалай қаражатының мөлшері қызметтен босатылған (жеке құрам тізімінен шығарылған) күнге белгіленеді.

2. Әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарды зейнетақымен қамсыздандыру үшін ескерілетін ақшалай қаражатының мөлшеріне лауазымдық жалақысы, әскери (арнаулы) атағы, сыныптық шені бойынша жалақысы (қосымша ақы) кіреді.

3. Кеден органдарын қоспағанда, әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарды зейнетақымен қамсыздандыру үшін ескерілетін ақшалай қаражатының мөлшері соңғы қызмет атқарған жерінің тиісті қаржылық органының белгіленген үлгідегі анықтамасымен расталады.

Ескерту. 63-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

64-бап. Зейнетақы төлемдерін тағайындау және оны жүзеге асыру мерзімдері

1. Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар,

сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға тағайындалған зейнетақы төлемдерін бюджет қаражаты есебінен төлеу қызметтен босатылған (жеке құрам тізімінен шығарылған) күннен бастап, бірақ оларға ақшалай қаражат төленген күннен кейін жүзеге асырылады.

2. Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға тиісті қызметтерді қамтуға көзделген қаражат есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру алушылардың еңбекақысы немесе басқа да табысы болуына қарамастан толық жүргізіледі.

3. Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға жеке жинақтаған зейнетақы қаражатының есебінен зейнетақы төлемдері зейнетақы шартына сәйкес жүргізіледі.

4. Әскери қызметшілер, арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген және Қазақстан Республикасының ішкі істер, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті, арнаулы мемлекеттік органдардың және прокуратура органдарының, Кеден комитетінің, Төтенше жағдайлар комитетінің қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп қолданылатын арнаулы мемлекеттік органдардың және прокуратура органдарының, ішкі істер органдарының және Әділет министрлігінің бұрынғы Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері арасынан зейнеткерлерге бұрын тағайындалған зейнетақы төлемдері жаңартылған кезде немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыға Орталықтан зейнетақы қайта тағайындалған жағдайда зейнетақы еңбек сіңірген жылдары үшін берілетін зейнетақыны төлеу тоқтатылған кезде белгіленген мөлшерде, зейнетақы төлеу тоқтатыла тұрған кезең үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізілген индекстеу ескеріле отырып төленеді.

5. Әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар арасынан зейнеткерлерге бұрын тағайындалған зейнетақы төлемдері жаңартылған кезде немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыға Орталықтан зейнетақы қайта тағайындалған жағдайда зейнетақы еңбек сіңірген жылдары үшін берілетін зейнетақыны төлеу

тоқтатылған кезде белгіленген мөлшерде, зейнетақы төлеу тоқтатыла тұрған кезең үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізілген индекстеу ескеріле отырып төленеді.

Ескерту. 64-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

65-бап. Қаражат және зейнетақы төлеу тәртібі

1. Әскери қызметшілер, арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген және прокуратура органдарының, ішкі істер және бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті органдарының қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп қолданылатын құқық қорғау органдарының қызметкерлері арасынан 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнеткерлікке шыққан адамдарды зейнетақымен қамсыздандыру зейнетақының белгіленген мөлшері сақталып бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

2. 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша он жылдан астам әскери қызмет немесе құқық қорғау органдарындағы қызмет стажы бар әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

3. 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша он жылдан астам әскери қызмет немесе прокуратура, ішкі істер және бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті органдарындағы қызмет өтілі бар әскери қызметшілерді, арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген және прокуратура органдарының, ішкі істер және бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті органдарының қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп қолданылатын арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әскери қызметтегі, құқық қорғау органдарындағы қызметтегі өтілі он жылға жетпейтін әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар үшін бюджет қаражаты есебінен осы Заңның 63-бабының 2-тармағында белгіленген ақшалай қаражаттың жиырма пайызы мөлшерінде жинақтаушы зейнетақы қорына салымшының таңдауы бойынша жеке зейнетақы шотына міндетті зейнетақы жарналарын аудару тәртібі е н г і з і л е д і .

Әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар,

сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлеу жеке зейнетақы жинақтары негізге алынып жинақтаушы зейнетақы қорларынан, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін алғаш рет қызметке қабылданған әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар үшін осы баптың 3-тармағына сәйкес зейнетақы жинақтарын қалыптастыру тәртібі қолданылады. Оларға зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы жинақтары негізге алынып, жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленеді.

Ескерту. 65-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

66-бап. Әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыруды жүзеге асыратын органдар

1. Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдардың және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындауды тиісті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

2. Әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік органдардың және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарды жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру осы Заңда айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 66-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-БӨЛІМ. Қорытынды ережелер

67-бап. Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты әлеуметтік зейнетақылар алуға құқығы барларға

**мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу
жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін
мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар**

1. Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша тағайындалған зейнетақылар, әлеуметтік зейнетақылар 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар нысанында бюджет қаражаты есебінен төленеді.

2. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшері 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін алынған зейнетақының мөлшерінен кем болмауға тиіс.

3. Осы Заңның 9-бабында белгіленген жағдайлар болған ретте мүгедектігі бойынша жәрдемақы азаматтың тілегіне орай Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерімен ауыстырылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындаудың шарттары, тәртібі және мөлшері Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді.

Ескерту. 67-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

**68-бап. Қазақстан Республикасының зейнетақымен
қамсыздандыру туралы заңдарын бұзғаны үшін
жауапкершілік**

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

69-бап. Осы Заңды күшіне енгізу тәртібі

Осы Заң 1997 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізіледі, бұған 1, 2-баптар, 4-баптың 1, 3, 4-тармақтары, 5, 7-21-баптар, 23-баптың 1, 2, 4, 5-тармақтары, 24-бап, 27-баптың 2-тармағының 1)-тармақшасы, 60-67-баптар қосылмайды, олар 1998 жылғы 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті